


2:7 СЕРИЯ

БІРІНШІ КУРС



*“Негіздерің Мәсіхте болып,
терең тамыр жайып, өсе беріңдер;
өздеріңе үйреткен сенімді мықтап ұстанып,
Құдайға шексіз алғыс айтатын болыңдар!”*

ҚОЛОСТЫҚТАРҒА 2:7

ҚАТАРДАҒЫ ҚАУЫМ МҮШЕЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Бұл материалдар бойынша сабақтарды тек 2:7 сериясын жүргізу
дайындығынан өткен адамдар ғана жүргізе алады.**

1979 The Navigators

Revised edition 1987

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced in any form without written permission.

NavPress, P.O. Box 35001, Colorado Springs, CO 80935

ISBN 5-86181-028-1

Мазмұны

БҰЛ СЕРИЯ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ.....	5
МАТЕРИАЛДЫ ЗЕРТТЕУ КҮНДЕЛІГІ	7
1-САБАҚ	
Киелі Кітапты оқу барысында белгілеу жайында	8
Киелі Кітаптың қай жерінен оқу керек	10
Оқып белгілеуге арналған жаттығулар	10
Мәсіхпен бірге бастау: Түсіндірме	11
Аяттарды жақсырақ жаттаудың жолдары	15
СЕНІҢ МӘСІХТЕГІ ӨМІРІҢ. Шәкірт етудің деңгейлері. Курс1	18
Құдай сенің қамынды ойлайды. 1-бөлім	19
2-САБАҚ	
Мәсіхпен бірге бастау: Қысқаша тексеру	22
Құдай сенің қамынды ойлайды. 2-бөлім	24
3-САБАҚ	
Қалай аяттарды бірге жатқа қайталауға болады.....	26
Чарльз И. Хаммель «Қауырт істің езгісінде»	27
«Қауырт істің езгісінде» мақаласын талқылау.....	31
Киелі Кітап оқу күнделігін қалай қолдану керек	32
Иса Мәсіхтің жеке тұлғасы 1 бөлім	34
4-САБАҚ	
Дұға етуге байланысты пайдалы ұсыныстар	36
5-САБАҚ	
Киелі Кітапты оқу күнделігін қалай пайдалану керек.	39
Киелі Кітап оқу үшін күнделік неліктен қажет.	40
Құдаймен жеке қалатын уақыт.....	41
Құдай сөзін оқудың, аят жаттаудың, Киелі Кітапты зерттеудің ерекшеліктері	41
Иса Мәсіхтің жеке тұлғасы 2 бөлім	43
6-САБАҚ	47
7-САБАҚ	
Дұғалық әңгімеге арналған жетекшілік	48
Иса Мәсіхтің тапсырмасы. 1 бөлім	50
8- САБАҚ	53
Иса Мәсіхтің тапсырмасы. 2 бөлім	54
9-САБАҚ	
«Дөңгелек» иллюстрациясы.....	56
Сенің жүрегіңдегі рух. 1 бөлім.....	66
10-САБАҚ	
Менің өмірімдегі «Дөңгелек» иллюстрациясының мәні	68
Сенің жүрегіңдегі рух. 2 бөлім	69
11-САБАҚ	
.....	71
12-САБАҚ	
Киелі Кітап аяттарын неліктен жатқа білу қажет	72
КИЕЛІ КІТАП ОҚУ КҮНДЕЛІГІ	74

БҰЛ СЕРИЯ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ

2:7 Сериясы шәкірт етудің, Исаның нағыз шәкірттерін тәрбиелеудің жаңа. Бұл көптеген дұғалардың, ізденістің, көптеген қауымдарда жүзеге асырылып одан жинақталған тәжірибенің нәтижесі. Бұл серия сенімде нығаюға және рухани қызмет үшін қажеттінің бәрін үйретуге ерекше көңіл бөлетін алты курстан тұрады.

Бұл серия неліктен 2:7 деп аталады? Бұлай аталу себебі елші Пауылдың Жаңа Келісімдік қауымға арнап айтқан: «Негіздерің Мәсіхте болып, терең тамыр жайып, өсе беріңдер өздеріңе үйреткен сенімді мықтап ұстанып Құдайға шексіз алғыс айтатын болыңдар» Колостықтар 2:7.

2:7 Сериясының мақсаты қандай? Киелі Рухтың Колостықтар 2:7 елші Пауыл арқылы білдірген сөзі біздің сабақтарымыздың мақсатын өте анық тұжырымдайды:

1. Мәсіхшіні Иса Мәсіхте тамырландырып сенімде нығайту. Бұл курстар сериясы іс жүзінде Киелі Кітап оқу әдісі, Киелі Кітаптан аят жаттау әдетін қалыптастыру, дұға етіп Құдаймен қарым қатынас жасау курстарынан тұрады. Шәкірттер ізгі хабарды оларға құлақ салатындай етіп қалай жеткізуге болатынын үйренеді.

2. Мәсіхшіні күнделікті өмірінде барлығы үшін Құдайға алғысты болуға үйрету. Бұл серия әркімге мәсіхшілік өмірінде табанды әрі тұрақты болуға үйретеді.

3. Мәсіхшіні үйрету. Мұның мәні үйрету әрдайым адамды өз үлгісімен қоршаған ортасына жақсы ықпал ететін мәсіхшілік қауымның мүшесіне айналдыруға әкеледі.

2:7 сериясы қандай нәтиже берді? Бұл сериядан өткендердің көбісі рухани өскендері соншалықты өз қауымдарында жауапкершілікті әрі жемісті қызмет ете бастады. Ерлі зайыптылар және балалы жанұялар мүшелері рухани өскендіктен әрі Құдаймен өмірлерінде нығайғандықтан көп көмек көрді. Курстарды аяқтағаннан кейін рухани нығайған мәсіхшілер басқаларға Мәсіхте өсуге және әлі Мәсіхке келмегендермен тіл табысуды үйренді.

ЖАЛПЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕР

1. 2:7 Сериясының алты курсының әрқайсы 12 сабаққа бөлінеді.

2. Топтың әрбір мүшесіне жеткілікті көңіл бөліну үшін топтың сегіз адамнан аспағаны абзал. Сонымен қатар бұл достық, қарапайым, жағдай туғызуға көмектеседі (кейбір жағдайда оқушылардың санын 10 ға жетізуге болады).

3. Екінші сабақтан кейін сабаққа жаңа адамдардың қосылмағаны дұрыс.

4. Бұл курсты сәтті аяқтау үшін сізге кейбір талаптарды орындау қажет. Олар аса қиын емес, дегенмен біраз талпыныс қажет. Сіздердің кейбіреулеріңіз бұл курсты аяқтайсыздар, ал кейбіреулер аяқтамауы мүмкін. Дегенмен аяқтауға тырысыңыздар.
5. Кез келген құнды нәрсеге қол жеткізу үшін күш жұмсау қажет екенін естен шығармаңыз.
6. Әр сабаққа дайындалу үшін шамамен бір сағаттай жұмсайсыз. Ал кейбір сабақтарға дайындалу үшін шамамен екі сағат жұмсайсыз.
7. Тапсырманы уақытында орындау сабағыңыздың көбірек пайдасын әрі рахатын көруге көмектеседі.
8. Екі сабақтан артық қалмауға тырысыңыз, әйтпесе жіберілген сабақты қуып жету қиын.
9. Бұл серия лекция формасында құрылмаған. Топтың әр мүшесі әр сабаққа тікелей араласа алады.

Материалды зерттеу күнделігі

Топтағы достарыңыздан бұл курстың тапсырмаларын қалай меңгеріп келе жатқаныңызды тексеріп тұруын сұраңыз. Олар әр бағанада есімдерін және тексерген күндерін толтырып отырсын.

ЖАТТАП АЛАТЫН АЯТТАР

Бөлімге арналған аяттар «Мәсіхпен бірге бастау»	Аты жөні	Күні
«Құтқарылуға деген сенімділік». 1 Жохан 5:11-12		
«Дұға еткенде жауап алатынына сенімділік». Жохан 16:24		
«Жеңіске жетуге деген сенімділік». 1 Қорынт 10:13		
«Кешірімге ие болу туралы сенімділік». 1 Жохан 1:9		
«Құдайдың жетелеуіне деген сенімділік». Нақыл сөз3:5-6		
«Мәсіхпен бірге бастау» бөліміне барлық аяттарды білу		
«Мәсіхпен бірге бастау» Бөліміне барлық аяттарды 14 күннің ішінде қайталау		
21-22 беттегі тексеруді аяқтау.		

ҚҰДАЙМЕН ЖЕКЕ УАҚЫТ ӨТКІЗУ

Бірінші 14 күнді Киелі Кітап Оқу барысындағы жазбалар күнделігінде аяқтау		
---	--	--

КИЕЛІ КІТАПТЫ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ЖЕТЕКШІЛІК:

«Сенің Мәсіхтегі өмірің»

(Шәкірт ету деңгейлері. Курс 1)		
1 тарау. «Құдай сенің қамыңды ойлайды»		
2 тарау. «Иса Мәсіхтің жеке тұлғасы»		
3 тарау. «Иса Мәсіхтің тапсырмасы»		
4 тарау. «Сенің жүрегіңдегі Иса Мәсіх»		

МАҚАЛАНЫ ЗЕРТТЕУ

«Қауырт істер езгісінде»		
30 беттегі пікірталасты аяқтау		

ӘРТҮРЛІ

65 беттегі «Дөңгелек», иллюстрациясын бағалау		
Киелі Кітаптан аят жаттаудың маңыздылығын бағалауды аяқтау. 69-70 беттер		

ТОП ЖЕТЕКШІЛЕРІНЕ ТЕКСЕРУ

Киелі Кітап Оқу барысындағы жазбалар күнделігінде бес жазба		
Бірінші курсты сәтті аяқтау		


1Сабақ

САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ:

1. Бірге оқитын топ мүшелерімен танысыңыздар.
2. «Бұл серя қалай пайда болды» бөлімін басынан аяғына дейін оқып шығыңыз (5 бет).
3. Бұл курста сіз Киелі Кітапты «Сенің Мәсіхтегі өмірің» (18 бет), бөлімі бойынша оқисыз; бұл бөлімді қарастырып шығып оған кіріспені дауыстап оқыңыз (18 бет).
4. Киелі Кітапты қызықтырақ ету үшін:
 - A. «Киелі Кітапты оқу барысында белгілеу жайында» (8 бет).
 - B. «Киелі Кітаптың қай жерінен оқу керек» (10 бет). бөлімдерін оқыңыз
5. Оқу барысында белгілеу бойынша жаттығуларды орындаңыз (10 бет).
6. «Мәсіхпен бірге бастау» бөлімін және жаттап алуыңыз керек болатын Киелі Кітаптан бес қысқа үзіндіні оқып шығыңыз (11-15 бет).
7. «Аяттарды жақсырақ жаттаудың жолдары» бөлімін оқып шығыңыз (15-16 бет).
8. 2 сабаққа арналған тапсырманы оқып шығыңыз (17 бет).
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі Кітап оқу барысында қалай белгілеу қажет

Киелі Кітапты белгілеу үшін арнайы жұмсақ мұқабалы данасын пайдалансаңыз болады. Жұмсақ қағазды белгілеу үшін кез келген фломастер келе бермейді, сондықтан шарикті қалам немесе қаламсап пайдаланған дұрысырақ. Олардың көмегімен Киелі Кітапта келесі белгілерді қоюға болады:

1. Аяттарды төртбұрыш жақшаға салуға — []
2. Маңызды ойдың басталуын қысқа диагональды сызықшаларды қолдануға болады — \
3. Екі параллельді және диагональды сызықпен // ерекше маңызды аятты белгілей аласыз
4. Шеңберлемен сөзді — 
5. Вертикальды сызықшалармен жолдың шетінде белгі қойсаңыз болады — |
6. Сөз тіркестерін немесе сөздердің астын сызуға болады. _____

Сіз белгілеудің барлық түрлерін қолдансаңыз, немесе бір екі түрін таңдап алсаңыз немесе өзіңіздікін ойлап тапсаңыз да болады.

Әрі қарай Киелі Кітаптың үш үлгісінде қалай белгі қою керек екені көрсетілген:

ИШАЯ 11:1-7

1. Кесілген ағаштың түбірімен тамырларынан жас өскін өсіп шығады. Сол сияқты Есей ұлы Дәуіттің патшалық биліктен айырылған әулетінен шығатын бір ұрпақ күндердің күнінде қайтадан патшалық құрады.

2. Осы патшаға Жаратқан Иенің Рухы қонып, Оған даналықпен парасат, ақыл-кеңес пен құдірет, билік пен Құдайды терең қастерлеуді дарытады.
3. Өзі Тәңір Иеге мойынсұнып, Оны терең қастерлеуден қуаныш табады. Патша тек көрген сырт пішінге, ұзын құлақтан естігеніне ғана сүйеніп үкім шығармайды.
4. Қайта, жарлыларға әділдікпен төрелік айтып, жердің жапа шеккендерінің заңды мүдделерін қорғайды. Оның аузынан шыққан үкімдер осы дүниеге дүре соққан таяқ сияқты: айтқан әмірлерімен зұлымдардың көздерін құртады.
5. Патша әділдікпен билік жүргізіп, ақиқат пен адалдықты берік ұстануға белін бекем буады.
6. Сол заманда қасқыр қозымен тату тәтті тұрып, қабылан лақпен бірге тынығады. Бұзау, қарулы жас арыстан және бордақы өгізде қатарласып бірге жататын болады. Бәрін бір жас бала айдап, баға алады.
7. Сиыр мен аю қатар жайылып, бұзауларымен қонжықтары бірге тынығып, арыстан өгіз сияқты сабан, шөп жейді.

ЛҰҚА 5:15-17

1.15 Алайда \ Иса туралы хабар бұрынғыдан да бетер тарап кетті. \ Көптеген халық оны тындап, ауруларынан жазылу үшін ағылып келіп жатты. 16. Ал Иса елсіз далаға кетіп, дұға ететін. 17. Бір күні Иса тәлім беріп отырғанда Ғалилея мен Иудея аймақтарының барлық ауылдарынан, Иерусалим қаласынан келген парызшылар мен дін мұғалімдері Оның қасында отырды. Ал Исада ауырғандарды сауықтыратын Тәңірдің құдіреті бар еді.

3 ПАТШАЛЫҚТАР 12:3-13

1. Исраилдіктер Ровоамды патша етуге Сихемге келгендіктен, Ровоамда Сихемге келді .
2. Сүлеймен патшадан қашып кеткен Наватовтың ұлы Иеровоам Мысырда жүріп, бәрін естіді де ол жақтан қайтып оралды.
3. Оның артынан адам жіберіп шығартып алды. Сонда Иеровоам мен Исраилден жиналған қауым келіп, Ровоамға былай деді:
4. «Сенің әкең бізді тым қатты қанауға алды, сен әкеңнің біздің мойнымызға салған қатыгез жұмысы мен ауыр езгісін жеңілдетсең, сонда саған қызмет етеміз», - деді.
5. Ол оларға: «барыңдар, үш күннен кейін қайтадан маған келіңдер», - деді. Сөйтіп, халық тарады.
6. Ал Ровоам патша Сүлейменнің тірі кезінде алдында тұрған қариялармен кеңесіп: «**Менің** қалай жауап беретініме қандай кеңес бересіңдер?» - деп сұрады.
7. Олар: «**Егер** сен бұл күні осы халықтың малайы болып, қызмет көрсетіп, олардың тілектерін қанағаттандырып, жылы сөйлесең онда олар барлық күндері сенің құлың болып өтеді», - деді.
8. Бірақ ол қариялардың айтқан кеңесін елемеді: Сөйтіп ол өзімен бірге өскен, өзінің алдында тұратын жастар мен ақылдасты.
9. Ол: «сендер қандай кеңес бересіңдер: «әкеңнің біздің мойнымызға салған ауыртпалығын жеңілдет», - деп талап еткен бұл халыққа не деп жауап берейін?», - деді.
10. Сөйтіп, оған онымен бірге өскен жастары былай деді: «Саған: «сенің әкең біздің мойнымызға ауыртпалық салды, сен оны жеңілдет » - деп талап еткен

бұл халыққа былай де: «мен шынашағым әкемнің белінен де жуан,

11. Егер менің әкем сендерге ауыр қиыншылық көрсетіп, қысымға алса, мен сол ауыртпалықтарыңды күшейтемін: менің әкем сендерді қамшымен жазаласа, мен сендерді ұшына үшкір шегелер қағылған қамшымен жазалаймын», - деді.

12. Патшаның: «маған үшінші күні келіндер» деп бұйырғандай, Иероваам мен бүкіл халық үшінші күні Ровоамға келді.

13. Қариялардың айтқан кеңесін елемей, патша халыққа қаталдықпен жауап қатты.

САЛОНИҚАЛЫҚТАР 1-хат 1:1-7

1. Құдай Әкеге және Иеміз Иса Мәсікке сенушілердің Салоникадағы қауымына Пауыл, Сыйлас және Тимотеден дұғай сәлем: Құдай сендерге рақымын жаудырып, тыныштығын сыйлай көрсін!

2. | Сендерді дұғаларымызда еске алып, бәрің үшін әрдайым Құдайға шүкіршілік айтамыз. |

3. Құдай Әкеміздің алдында сендердің Оған деген сеніммен игілікті іс істеп, сүйіспеншілікпен ауыр еңбек етіп және Иеміз Иса Мәсікке табандылықпен үміттеніп жүргендеріңді үнемі еске алып отырамыз.

4. Құдай сүйген бауырластар, Оның сендерді таңдап алғанын білеміз.

5. Себебі біз сендерге Ізгі хабарды сөзбен ғана емес, құдіретпен, Киелі Рухпен және зор сеніммен де жеткіздік. Сендірдің игіліктерің үшін араларыңда қалай әрекет еткенімізді өздерің білесіндер.

6. Ал сендер бізге және Иемізге еліктеп, көп азапқа ұшырасандар да, хабарды Киелі Рух сыйлаған қуанышпен қабылдадыңдар.

7. Сөйтіп, Македония мен Азия өлкелеріндегі сенушілердің барлығына үлгі болдыңдар.

Киелі Кітапты қай жерінен бастап оқу керек

1. Егер сіз Киелі Кітапты бірінші рет оқып отырсаңыз, Жаңа Келісімнің кітаптарының бірінен бастағаныңыз жөн. (Кейбір адамдар үшін Матай жазған ізгі хабар қиын болып көрінуі мүмкін, олай болса Марқа немесе Жохан жазған кітаптардан бастаңыз.)

2. Бастаған кітабыңызды аяғына дейін жеткізбей, жаңасын бастамаңыз.

3. Киелі Кітаптың ең қиын кітаптарының бірі Леуліктер мен Аян кітабы болуы мүмкін. Сондықтан оларды оқуды бірінші курсты аяқтамайынша қоя тұрсаңыз болады.

4. Інжілдің төрт кітабын бірінен кейін бірін оқымай басқа кітаптармен араластырып оқып тұрмаған жақсырақ.

5. Сіз Көне Келісімді қабылдауға дайынмын деп сезінгенде оны төмендегі кітаптарды оқудан бастаңыз: Ешуа, 1 Патшалықтар, 2 Патшалықтар, 3 Патшалықтар, 4 Патшалықтар, Жаратылыс, Даниил. Сіз үшін қиын болып көрінетін жерлерді жай қарап шығыңыз.

Киелі Кітапты белгілеуге арналған жаттығулар

Оқу материалы ретінде Римдіктерге арналған хаттың 12 тарауын қолданыңыз. Бұл

жаттығуды орындай отыра сізге:

1. Құдай сізге өзінің Сөзі арқылы сөйлесін деп дұға етуіңіз керек.
2. Бүкіл үзінді жайында ойланыңыз керек.
3. Сізге ең күшті әсер қалдырған ойларды белгілеңіз.

Жаттығуды аяқтағаннан кейін топпен сізді ойландырған бір екі нәрсемен бөлісіңіз.

12 РИМДІКТЕР

Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірім төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнаңдар деп ескертемін. Өмірлерің Оған ұнамды, толықтай бағышталған, тірі құрбандықтай болсын: Оған лайықты рухани қызмет көрсетулерің осы болады. Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, ой тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін, сөйтіп сендер Оның еркін ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білесіңдер.

Тәңіріміздің берген рақымына сүйене отырып, әрбіреулеріңе айтамын: өздерің туралы тиістісінен артық ойламаңдар! Қайта, Құдайдан сенім арқылы әрқайсыңның үлестеріңе қандай рухани дарындар тигенін ойлай отырып, өздеріңді саналы түрде бағалаңдар. Өйткені денелеріміздің мүшелерінің көп, ал қызметтерінің әр түрлі болғанындай, біз бәрімізде көптігімізге қарамастан Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара тығыз байланыстағы мүшелеріміз. Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық: пайғамбарлық сөз сөйлеу дарының болса, хабардың Құдайдан келгендігіне деген сеніміңе сай оны жеткіз. Сыбағаға қызмет ету тиген болса, соныңды атқар, рухани тәлім беру дарының болса, оны қолдана бер. Кімде жігерлендіруші дарын болса, сонысын орындай берсін, мұқтаждықтарға жәрдем таратушылар онысын ақ пейілмен атқарсын. Жетекшілік етіп жүргендер шынайы еңбекқорлық көрсетсін және қайырымдылық жасайтындар оны қуанышпен істесін.

Сүйіспеншіліктерің адал болу керек. Жамандықтан аулақ жүріп, жақсылықтан ажырамаңдар. Бір бірінді бауырлардай сүйіп, өзара құрмет көрсетуде үлгі болыңдар. Лайым жақсылыққа деген талпыныстарың бәсеңдемесін, Иеміздің қызметінде жүріп, рухтарың жалындай берсін! Лайым үміттеніп қуаныңдар, қиыншылыққа шыдап, тұрақты дұға етіндер. Мұқтаждыққа душар болған Құдайдың адамдарына көмектесіп, ынтамен қонақжайлылық танытыңдар.

Өздеріңді қудалағандарға Құдайдан жақсылық тілеңдер, оларды қарғамай, ақ баталарыңды беріңдер! Қуанғандардың қуанышына, қайғаланғандардың қайғысына ортақ болыңдар! Өзара ынтымақтас болыңдар; өр көкірек емес, кішіпейіл болып, өздеріңді басқалардан ақылды санамаңдар!

Жамандыққа жамандықпен қайтармаңдар! Іс әрекеттеріңнің жұрт алдында әдепті болуына тырысыңдар. Қолдарыңнан келгенше, барлық адамдармен тату тәтті тұрыңдар. Сүйікті бауырластарым, кек алмаңдар, оны Құдайдың қаһарына қалдырыңдар! Өйткені Киелі жазбада Жаратқан Иенің: «Кек алу Менің ісім, есесін Мен қайтарамын» дегені жазылған. Сонымен, «Жауың ашықса, оны тамақтандыр, шөлдесе, сусын бер! Бұлай еткенің оны өз қылығына ұялтып, өкіндіргенің». Сөйтіп, жамандыққа жеңіле бермей, оны жақсылықпен жеңіп шық!

Мәсіхпен бірге бастау: Түсіндірме

Иса Мәсіх: «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» - деген (Аян 3:20). Киелі

жазбадан осы ғажап ақиқатқа мағынасы жақын тағыда да бір керемет аятты табуға болады: «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (Жохан 1:12).

Егер сіз Иса Мәсіхті бар жүрегіңізбен қабылдап, Оны Құтқарушым деп мойындаған болсаңыз, онда жаңа ғана келтірілген аяттарға сәйкес, жүрегіңізде Иса Мәсіх өмір сүретін Құдайдың рухани баласы болғаныңыз.

Алайда, кейбір адамдар өздерінің құтқарылуын тек ой сезіміне сеніп байқағысы келеді. Осындай өкіндірер катеден аулақ болыңыз. Өзіңізге емес, Құдайға сеніңіз. Оның мына сөздері есіңізде болсын: «Сендер Құдай Ұлына сенгендіктен мәңгілік өмірге иесіңдер оған сенім артқан сендердің соны білулерің үшін бұларды жазып отырмын». (Жохан 1-хаты 5:13).

Сіз Исаны жүрегіңізге қабылдаған кезде қандай керемет өзгерістер болатынын және олардың қандай нәтиже беретінін айтып жатуға бөлінген орын аз. Айталық, бір нәресте дүниеге келді дейік. Ол туыла салысымен оның ата анасының бай адамдар екенін, жақсы бауырластары бар екенін, кейін көп қаражатқа, үй мен жерге, байлыққа ие болатынын оған айтып түсіндірудің қажеті жоқ. Сәби дүниеге келген сәттен бастап оны бағып қарау, яғни күту, емізу, астын жуу секілді одан да маңызды нәрсе бар. Нәрестені қорғау керек, өйткені бұл дүниеде түрлі қауіптер толып жатыр. Миллиондаған микробтардан ауру жұқтырып қалмауы үшін перзентханада оны стерильді қолғаппен ұстайды, сондай ақ кім көрінгенге де оны бермейді. Осындай қауіптердің бар екендігін білгендіктен, дәрігерлер жаңа ғана өмір есігін ашқан нәрестенің өмірін қорғай алады.

Сіз де осындай жағдайдасыз. Сіз енді Құдайдың рухани баласысыз. Сіз Оның отбасында жаңа туған рухани нәрестесіз. Қазір оқып біліп алатын ақиқаттар сізді алдағы шайқастарға дайындап, шайтанның шабуылдарына қарсы тұруға үйретеді және көмектеседі.

Петірдің бірінші хатынан мынаны оқуға болады: «Жаңа туған сәбидің сүтке шөрілкегеніндей, әрдайым Құдай сөзінің «таза сүтіне» құштар болыңдар. Содан нәр алғанда рухани өсіп, күнәнің құлдығынан толығырақ құтқарыла аласыңдар» (Петір. 1-хаты 2:2). Елшілердің істерінде: «Ал енді сендерді Құдайға және Оның рақымын білдіретін сөзіне аманаттаймын. Өздеріңді нығайтып, қиямет күні Өзінің барлық адамдарымен бірге сендерге де тиісті мұраны беруге Оның құдіреті жетеді,» -деп жазылған. (Елшілер. істері 20:32). Киелі кітап әрқашан сіздің рухани тамағыңыз болып, сеніміңізді нығайтады. Осы курста сіз Киелі кітапты қалай оқу керек екенін де үйренесіз. Мұндағы ең маңызды нәрсе – Киелі кітапты оқуға және дұға етуге арнайы уақыт бөліп, сол кезде басқа еш нәрсемен айналыспауға тырысу. Осыған уақытты таңертең бөлсеңіз, тіпті жақсы болар еді.

Ал енді, Құдай Сөзін оқу туралы нақты айтайық. Забур жырларында былай жазылған: «Жас жігіт қалайша таза жолмен жүре алады? Сөзіңе Сенің мойынсұнып солай істей алады» (Забур жыр. 118:9). Ал 11- аятта жыршы Жаратқан Иеге: «Күнә жасамау үшін Саған қарсы жүрегімде сақтадым айтқандарыңды,» -дейді. Сондықтан сіз де Оның Сөздерін өз жүрегіңізге сақтап, оны жаттап алыңыз. Осы курсқа бес маңызды аят енгізілген, солардан бастасаңыз да болады.

Бірақ біз сіздің рухани тамағыңыз жайында ғана сөйлестік. Ал енді, сіздің жаңа жауыңыз туралы ойланып көрейік. Сіз Исаға сенгенге дейін шайтан сізге аса көңіл аудармаған болуы мүмкін. Бірақ енді сіз Исаға сенгелі бері ол сізге қатты ызалы болып жүр, өйткені бұл оны дүниедегі ең қатты ашуландыратын нәрсе. Себебі сіз оның (шайтанның) тобырын тастап, Иса Мәсіхке сенетіндердің және Құдайдың еркін орындайтындардың қатарына қосылдыңыз. Енді сіз шайтанның патшалығын тастап

шықтыңыз, оған жатпайсыз, өйткені бізді толығымен құтқару үшін Иса айқыш ағашта Өзінің қымбат қанын төгіп бізді сатып алды. Сіз енді Құтқарушымыздың қарамағындасыз. Шайтан сені мазаламай қоймайтынына күмәнданбасаң да болады. Сондай –ақ ол мазаласа, түрліше мазалауы мүмкін. Осы аяттар шайтанның ең жиі қолданатын әрекеттеріне қарсы тұруға көмектеседі.

Сен шайтанды Құдайдың берген қаруларын қолдансаң ғана жеңе аласың. Елші Пауыл айтқандай: «...Құдай Сөзін рухани семсер қылып ұстандар!» (Ефес. хат 6:17). Дегенмен, Құдай Сөзі бір жағынан рухани семсер болса, екінші жағынан бізге сенім беріп, жауыздың оғынан қорғайтын қалқанымыз (Рим. хат 10:17; Ефес. хат 6:16). Яғни, осындай шабуылдарға қарсы тұрудың ең басты құралы – Киелі Кітап.

Шайтан Иса Мәсіхті үш рет азғырғысы келгенде Иеміз оны Киелі жазбаға сүйеніп жеңіп отырған (Матай 4). Егер Мәсіхтің Өзі осындай қаруды қолдануды жөн көрсе, бізге бұл қарудың қажеті одан да зор.

1. ҚҰТҚАРЫЛУҒА СЕНІМДІЛІК

Осы курста жатталатын аяттар сізді жаудың ең алғашқы шабуылдарына дайындап, Құдайға күнделікті сенім артуды үйретуге арналған. Шайтан көбінесе алдымен Құдайдың сіздің жүрегіңізде ісіне күмән туғызуға тырысады. Кейде өзіңіз де: «Қалайша тек Мәсіхке сену арқылы ғана күнәларым кешіріліп, құтқарыла аламын? Мұның бәрі мүлдем жеткіліксіз ғой!» - деп ойлай бастауыңыз мүмкін.

Мұндай жағдайларда сіздің жалғыз үмітіңіз - Құдай сөзінен көмек табу. Ал Құдай бұл туралы не дейді? Оның айтқаны аса маңызды. Сондықтан ең бірінші жатталатын аят-Құтқарылғанға сенімді болу деп аталуға тиіс: «Бұл куәліктің мәнісі мынадай: Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады, осы өмір Оның Ұлында. Құдай Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ» (Жохан. 1- хаты 5:11-12).

Осы аят сіздің жүрегіңізде тайға таңба басқандай анық жазылған соң, өзіңіздің құтқарылғаныңызға күмәндана қалған кезде оны есіңізге алып, құтқарылғаныңызды ойыңызға алыңыз. Құдайдың Сөзі арқылы, осылайша сіз ең бірінші сынақтардан өте аласыз. Шайтан шабуылын жасаса, жасай берсін, ең бастысы-сіздің жүрегіңізде оған қарсы пайдаланатын қару – Құдай Сөзі бар.

2. ДҰҒАҒА ЖАУАП АЛУ ЖАЙЫНДА СЕНІМДІЛІК

Шайтанның тағы бір жасайтын шабуылы: дұға етудің пайдалы екеніне сізді күмәндандыру. Сіз: «Осы, менің өмірім Құдайды шынымен қызықтыра ма екен Ол алыста сияқты болып көрінеді, Оның менен де маңызды жұмыстары бар шығар. Мені дұғаларыма жауап бермек түгіл, оларды ести ме екен Өзі?» -деп ойлауыңыз да мүмкін.

Сіз Иса Мәсіхті Құтқарушым және Ием деп қабылдағандықтан, сіздің Ол арқылы көктегі Әкемен сөйлесуге құқығыңыз бар. Енді бұдан былай Құдайдың алдына еш тартыншақтанбай, қысылмай келе аласыз (Еврей. хат 4:16) және Одан қалаған нәрселеріңізді сұрауға мүмкіндігіңіз бар (Філіп. хат 4:6). Құдай сізді де, өзіңіздің мұң-мұқтаждықтарыңызды да, бәрін де көріп олар туралы ойлайды. Жаттауға арналған екінші аятта, демек, Жохан жазған Изгі Хабарда Иса бізге дұғаның жауабын алуға сенімді болу жайында уәдесін береді: «Бұған дейін Менің атымнан еш нәрсе сұраған жоқсыңдар; қуаныштарың толық болсын деп, сұрап, қабылдандар!» (Жохан 16:24).

Сіздің де, басыңызға қиындық туған жағдайларда Құдайға жалбарынған кездеріңіз болған шығар. Енді сіз Құдайдан өтінішіңізді Исаның атымен сұрай аласыз, себебі енді Құдайға жат емессіз, қайта Оның рухани баласысыз.

Сондай – ақ «Оның атымен сұрау» дегеніміз-Оның билігіне бағынып, Оның еркіне сай сұрау деген сөз. Аспандағы Әкемізден Исаның атымен сұрайтын болсақ, Ол, Исаның барлық өтінішіне жауап бергендей, бізге де жауап береді. Сізге жауап беріп, өтініштеріңізді орындауды Құдай да жақсы көреді. Құдай берген осы керемет уәде есіңізде болғай, ағайын! Оны өмірімізде қолдансақ, Құдай өтініштерімізге жауап берген кезде қуанышқа кенелеміз.

3. ЖЕҢІСКЕ СЕНІМДІЛІК

Шайтан өзінің жасайтын шабуылдарының тағы да бір түрі болып табылатын, мынандай сөздермен сізді азғыруы мүмкін: «Мейлі, мәңгілік өмірге ие болыпсың, бірақ өзің не деген әлсізсің қайта–қайта күнә жасай бересің!»

Соңғы бірнеше жылдар бойы сізді жібермей ұстап келе жатқан бір күнәңіз есіңізге түсуі мүмкін. «Басқа азғыруларға қарсы тұра аламын, бірақ бұған емес. Мен әлсіз адаммын» –деген күмәнға қалай қарсы тұрасыз? Соны айтқан адамға сенесіз бе, әлде әрқашан жеңілмейтін Құдай сөзінен көмек аласыз ба? Үшінші аят–Қорынт. 1-хат 10:13–әсіресе, шайтанның шабуылдарына қарсы тұруға көмектесуге арналған: «Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсыңдар, – еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсетіндей ғана болып келеді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш–қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді».

Бұл бізге жеңіске сенімді болуға көмектеседі. Құдай бізге азғырылуды жеңетініміз туралы уәде беріп отыр. Сіз Оның рухани баласы болғандықтан, осы уәде сізге де тиісті. Құдайдың айтқан сөзіне сеніңіз, сонда адамның қолынан келмегеннің бәрі Құдайдың қолынан келетіндігін өз көзіңізбен көресіз. Өмір бойы соңыңыздан қалмай келе жатқан әдеттерді Құдайдың құдіретті күшімен жеңгеніңізді көргенде сіз де зор қуанышқа бөленесіз. Осы аятты жаттап алыңыз, оны жүрегіңізге тайға таңба басқандай етіп анық жазып алыңыз да, Киелі Рух өзіңізді азғыруды жеңуге күш–қуат беретін болады деп сеніңіз.

4. КЕШІРІМГЕ СЕНІМДІЛІК

Шайтанның жасайтын тағы бір шабуылы бар. Сіз әрбір азғырудан күнә жасамай шыға алсаңыз, кейде күнә жасап қоюыңыз да мүмкін. Содан соң: «Мә, саған, сенемін дейсің, ал сенушілер бұндай нәрселерді істемейді ғой, солай емес пе?» –деп ойлай бастайсыз. Бірақ Құдай Өз сөзінде балалары күнә жасаған кезде одан шығудың жолын да қарастырған. Бұл туралы төртінші аятта–Кешірілгенге сенімді болу туралы айтатын Жоханның бірінші хатында жазылған: «Егерде күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (Жохан. 1–хат 1:9).

Күнәні мойындау дегеніміз–Құдайдың алдында ақталуға тырыспай қандай күнә жасағаныңызды айтып мойындау деген сөз. Адам шынымен күнәсін мойындап өкінген кезде, енді сол күнәны жасамауға Құдайдың алдында бел буады. Күнәны жасырған адам жетістікке жете алмайды, ал кім күнәларын мойындап, одан бас тартса, соның күнәсі кешіріледі (Нақыл сөз. 28:13). Құдай бізді кешіріп қана қоймай, жасаған күнәмізден тазартуға да уәде етеді. Қандай рақымды уәде!

5. ҚҰДАЙДЫҢ ЖЕТЕЛЕУІНЕ СЕНІМДІЛІК

Жоғарыда сізге қатысты төрт нақты жол шайтанның шабуылдарына қарсы тұруға байланысты уәделер болса, келесі жатталуға тиісті аят олардан өзгеше. Сізде:

«Құдайдың менің өмірімде деген жоспары қандай екен? Ол мені шынымен жетелей ме?» – деген сияқты болашақ туралы, осы жаңа өмірдің қандай болатыны туралы сұрақтар болуы мүмкін. Сондықтан мына төмендегі Құдайдың жетелейтініне сенімді болу жайындағы аят сол сұрақтарыңызға жауап береді: «Тәңірге бар жүрегіңмен сенім арт, өз ақылыңа сенбе. Барлық істеріңде Оны танып жүр, Ол саған бақыт береді» (Нақыл сөз. 3:56).

Құдай мұнда, егер Оған толығымен сенетін болсаңыз, сізді жетелеп, жолдарыңызға бағыт беріп отыратынын айтып отыр. Осы аятты жаттап алып, Құдайдың сізге өмірлік жетекші болатынын есіңізден шығармай жүріңіз.

Біз сізге осы аяттарды жаттаудың бір әдісін көрсетейік:

Бірінші аяттан бастаңыз, яғни–Жоханның 1- хаты 5:11–12. Мағынасын түсіну үшін оны бірнеше рет оқып шығыңыз. Содан соң аятты сөйлемдерге бөліңіз. Біріншіден, тақырып пен сілтемені жаттап алыңыз. Оларды жаттағаннан кейін бірінші сөйлемге кірісіңіз, одан кейін екіншісіне және осылай жалғастыра беріңіз. Жазбадағы үзіндіні жаттағанда әр кезде оның сілтемесін, аяттың өзін және соңынан қайтадан сілтемесін қайталап отырыңыз. Сілтемені аяттың алдында және аяттан кейін айту әдісі сізге керекті үзіндіні Киелі Кітаптан қиналмай табуға көмектеседі.

Жазбадағы бірінші үзіндіні жаңылмай айта алатын болғаннан кейін екінші үзіндіге кірісіңіз. Оны дәл солай жаттап, бірінші үзіндіні қайталап отырыңыз. Екінде жаңылмай айтатын болсаңыз, үшінші үзіндіге көшіңіз.

Барлық аяттарды жақсы біліп оларды тұрақты қайталап жүру. Сондықтан әр күні жаңа аяттарды жаттағанда бұрынғыларды да қайталап жүріңіз. Осындай жағдайда аяттарды өзіңізбен бірге алып жүргеніңіз абзал болар.

Осы аяттарды жаттап, өмірде қолдануды үйренгеннен кейін Құдайдың Сөзін өзіңіздің жүрегіңізде сақтаудың қаншалықты игілікті нәтижелер мен жарылқау алып келетінін білетін боласыз.

Аяттарды жақсырақ жаттаудың жолы

Аят жаттауды бастамас (Мәсіхпен бірге бастау бөлімінен) бұрын оны бірнеше рет дауыстап оқып шығыңыз. Бірінші тақырыпты, сілтемені, аятты айтып одан кейін сілтемені қайталаңыз. Аяттың мәнін түсінуге тырысыңыз. (Сізге берілген «Мәсіхпен бірге бастау», бөлімінің 11-14 беттердегі түсіндірмесінде жаттап алуыңызға тура келетін сол бес аяттың мағынасы талқыланатынына көңіл.)

КИЕЛІ ЖАЗБАДАН АЯТ ЖАТТАУҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР

1. Аяттарды мүмкіндігінше дауыстап оқып жаттаңыз.
2. Бірінші тақырыпты және сілтемені жаттап алыңыз.
3. Тақырып пен сілтемені жаттап алғаннан кейін оған аяттың бірінші сөйлемін қосыңыз.
4. Аяттың бірінші бөлігін қайталап болғаннан кейін тақырыбын және сілтемесін бірнеше рет қайталап одан кейін екінші бөлігін қосыңыз. Аятты түгелдей жаттап алғанға дейін біртіндеп басқа бөліктерін қосып отырыңыз.
5. Аятты жаттап және қайталай отыра оны өміріңізде қалай іске асыратыныңызды ойластырыңыз:

а. ТАҚЫРЫП: «Құтқарылғанға сенімділік».

б. СІЛТЕМЕ: «Жоханның бірінші хаты, бесінші тарау, он бір және он екінші аяттар».

в. АЯТТАР: «Бұл куәліктің мәнісі мынадай Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады, осы өмір Оның Ұлында. Құдай Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ.»

СІЛТЕМЕ: «Жоханның бірінші хаты, бесінші тарау, он екінші аяттар»

б. Сіз аятты толықтай қатесіз (тақырып, сілтеме, аят,) айтып үйренгеннен кейін бірден, бірнеше рет ҚАЙТАЛАУ жақсырақ болады. Одан кейін оны бірнеше күндер бойы, күніне бірнеше реттен қайталап отырыңыз. Одан кейін —күніне бір рет. Кейбір адамдар жаттауға қабілетім жоқ дейді. Шын мәнінде біздің көбіміздің есте сақтау қабілетіміз шектеулі. Құдай бізге ұмыту қабілетін берген, және шын мәнінде де бізге ұмыту қажет нәрселер де бар. Бірақ сонымен қатар ол бізге есте сақтау қабілетін берген. Біз сол қабілеттерді есте сақтау үшін, есте сақтаудың негізгі қағидаларына сүйенуіміз қажет. Ал олардың ішіндегі негізгісі ҚАЙТАЛАУ болып табылады. Аятты жаттайсыз, жартылай ұмытасыз, қайтадан жаттайсыз, қайтадан жартылай ұмытулы және қайтадан жаттайсыз. Барған сайын білім ұмытуды ығыстырып тастап қайта жаттау процессіне кететін уақыт көлемі азырақ болады. Айтылған нәрсені көру үшін келесі беттегі диаграмманы қарастырамыз.

УАҚЫТ КӨЛЕМІ

(Мысалға 10 минут)

ТҮСІНДІРМЕ:

Бұл сіздің белгілі бір аятты жаттап алуға шамаңыз келетін уақыт көлемі.

Бірнеше сағат өткеннен кейін сіз оны ойша айта алмайсыз бірақ сізге оны қайта жаттауға тура келеді, бірақ бұл жолы азырақ күш және уақыт жұмсайсыз.

Сіз кейбір жерлерін ұмытасыз бірақ қайта жаттау үшін сізге көп уақыт қажет болмайды.

Сіз кейбір жерлерін ұмытып қаласыз алайда қайта жаттауға мүлдем аз уақыт кететін болады уақыт

Сіз аятты оңай және сенімді айта аласыз.



2 САБАҚҚА ТАПСЫРМА:

1. **Киелі Жазбаны Жаттау:** «Мәсіхпен бірге бастау» бөліміне түсіндірмені мұқият оқып шығыңыз, 21-22 беттегі Қысқаша тексеруді оқып шығыңыз.

«Құтқарылуға сенімділік» тақырыбына екі аятты жаттап алыңыз (1 Жохан 5:11-12).

2. **Киелі Жазбаны оқу:** Киелі Кітапты күнделікті оқып белгілеп отырыңыз.

3. **Киелі Кітапты зерттеуге арналған жетекшілік:** «Құдай сенің қамыңды ойлайды» бөлімі бойынша, 1-12 сұрақтарға жауап беріңіз. Бірінші тараудан Киелі Кітапты зерттеуге арналған жетекшілікке қараңыз. (18-20 бет)

КИЕЛІ КІТАП ОҚУҒА АРНАЛҒАН ЖЕТЕКШІЛІК

ШӘКІРТ ЕТУДІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

1 КУРС

СЕНІҢ МӘСІХТЕГІ ӨМІРІҢ

Жер бетінде өмір сүрушілердің үштен бір бөлігі ұйқыға аштай жатады. Бірақта ең жаманы өмір бойы рухани ашыққандардың бірі болып өту. Иса Мәсіхтің көптеген жылдар бойы айтып кеткен сөздері ескіре қойған жоқ: «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді» (Матай 4:4).

Уақыт өткен сайын Киелі Кітапты зерттей бастаған адамдардың саны артуда. Себебі олар жүректің аштығын тек қана Құдайдың Сөзімен басуға болатынын түсіне бастады. Құдайдың рухани өсу үшін белгілеп қойған бұл нәріне тәубе еткен мәсіхшілер де, сонымен қатар Мәсіхті білетіндеріне көп жыл толған сенушілер де мұқтаж. 2:7 Сериясының шеңберінде жасалған «Шәкірт ету деңгейлері» бұл бағдарламаны оқу сізге:

- Жеке Киелі Кітап оқуыңыздың жоспарын құрастыруға;
- Киелі Кітапта жазылған ұлы ақиқаттарды зерттеуге;
- Шәкірт етудің негізгі жағдайларын меңгеріп және іске асыру.

Егер сіз бірінші кітаптан бастап алтыншы кітапқа дейін реттілікпен аяқтасаңыз өте көп пайда көре аласыз. Барлық алты курстың оқу материалдары бір бірімен байланысты, сондықтан олардың ешқайсын жібермеуге тырысыңыз.

Бәрінен бұрын сізге керегі – Киелі Кітап. Берілген сұрақтар сізді Киелі Кітаптың кейбір жерлеріне сілтейді. Олар жайлы ойланғаннан кейін жауабын өз сөзіңізбен жазыңыз. Сілтемелер кітапты, тарауды, аятты көрсетеді. Мысалға, «Аян 3:20» дегеніміз «елші Жоханның аян кітабы, үшінші тарау жиырмамыншы аят» дегенді білдіреді. Әр сабақты мәнәжәт етіп бастау керек. Құдайдан сізге «Сенің Мәсіхтегі Өмірің» тақырыбының бөлімдерін түсінуге көмектессін деп сұраңыз. Бұл тараулардың саны төртеу:

- Құдай сенің қамыңды ойлайды.
- Иса Мәсіхтің жеке тұлғасы.
- Иса Мәсіхтің тапсырмасы.
- Сенің жүрегіндегі Рух.

1 Тарау

Құдай сенің қамыңды ойлайды

1 бөлім

Сіз — ерекше адамсыз!

Бұл шындық, өйткені Құдай сізді солай деп есептейді. Сіз ол үшін қымбатсыз, ол шын жүректен сіздің қамыңызды ойлайды, ол үшін сізбен не болып жатқаны бәрібір емес. Осы тарауда мұны растайтын төрт тұжырымдама зерттеледі:

- Құдай сені жаратты;
- Құдай сені біледі;
- Құдай сені сүйеді;
- Құдай сені өз жанұясын қабылдады.

Құдай сені жаратты

1. Жаратылыстың басы кітабы барлығының бастауы. Бірінші тарауда Құдайдың әлемді жаратуы баяндалады. Жар. 1:1-5 оқыңыз. Төменде әлемнің жаратылуына байланысты кем дегенде үш маңызды сәт байқай аласыз.

2. Құдай әлемді қалай жаратты? Еврейлерге 11:3

3. Құдай бүкіл әлемді не үшін жаратты? Аян 4:11

4. Құдай бізді не үшін жаратты? Ишайя 43:7

(«Салтанат» мадақ немесе құрмет дегенді білдіреді.)

5. Құдай адамды ерекше құрметке бөлегендігіне оның бірегейлігі, билігі, ерекше жаратылысы дәлел. Мұны Жар. 1:26-28. негізделе отыра растаңыз

а. Адамның бірегейлігі _____

б. Адамның билігі _____

в. Адамның таңдап алынуы _____

Құдай сені біледі

6. 138:1-6 Забур жырында Дәуіт өзінің өміріндегі Құдай «сынаған және білетін» бірнеше саласы бар екені жайында айтады. Олардың ішінде кем дегенде төртеуін атап кетіңіз. Одан кейін сіздің өміріңізде Құдайға мәлім салаларын белгілеп кетіңіз.

7. Дәуіт бүкіл өмірі Құдайға ашық екенін түсіне отыра қалай жауап береді?

Забур138:23-24 _____

8. Иса Құдай үшін сіздің өміріңіздің тіпті кішкентай егжей-тегжейлерінің маңыздығы жайында не дейді? Матай 10:29-31 _____

Құдай сені сүйеді

9. Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігінің ең үлкен дәлелі не? 1 Жохан 4:9-10

(Бұл жерде құн төлеу мағынасында)

10. Төменде берілген суреттемемен қоса Жохан 3:16 жайлы терең ойланыңыз.

ӨЙТКЕНІ ҚҰДАЙ АДАМЗАТТЫ СОНДАЙ СҮЙГЕНДІКТЕН...

ОҒАН СЕНГЕН ӘРКІМ

ЖАНЫ ТОЗАҚҚА ТҮСПЕЙ, МӘҢГІЛІК ӨМІРГЕ ИЕ БОЛАДЫ

ӨЛІМ → ӨМІР

ОЛ ӨЗІНІҢ ЖАЛҒЫЗ ҰЛЫН ҚҰРБАН ЕТТІ

а. Құдай адамдарға деген сүйіспеншілігіне бола не істеді? _____

б. «Құдай ұлын берді» деген сөзді қалай түсінуге болады ? _____

в. Адам қалайша мәңгілік өмірге ие бола алады? _____

11. Жохан 10:9-16 да Иса өзінің адамдарға деген сүйіспеншілігін және Өзінің қамқорлығын бағушының қойларына деген сүйіспеншілігімен салыстырады.

Төмендегі аяттарға сүйене отыра Исаның сізге бергісі келетінін атап шығыңыз.
АЯТ ИСА СІЗГЕ НЕ БЕРГІСІ КЕЛЕДІ

12. Атап кеткен нәрселердің ішінде сіз үшін ең маңыздысы

не? _____

Бір минутқа тоқтап оқыған және жазған нәрселер туралы ойланыңызшы. Құдайға оның керемет сыйы үшін және оның сіз үшін жасағысы келетін барлығы үшін алғыс айтып дұға етіңіз. Бұрын сіз үшін мүмкін болмаған, ешқашанда өз күшіңізбен ие бола алмайтын нәрселерге есік ашқан Иса үшін Оны мадақтаңыз.

2 Сабақ

САБАҚ КЕСТЕСІ

1. Бір біріңізбен танысуды жалғастыра беріңіз.
2. Бірінші сабақтың мазмұнын қарап шығыңыз.
3. Топта бірге оқитын достарыңызбен өткен аптада оқыған Киелі Жазбадан үзінді жайында ойларыңызбен бөлісіңіз.
4. Топтарға бөлініп жатталған аяттарды бірге қайталаңыз (1 Жохан 5:11-12).
5. Аят жаттау әдісін тағы бір рет қарап шығыңыз:
 - а. Аяттарды дауыстап қайталаңыз.
 - б. Қайталанатын аяттарды белгілеп түзетіп отырыңыз.
 - в. Қайталау — табысқа жеткізетін жол. Аяттарды күнде қайталап отырыңыз!
6. Төменде берілген «Мәсіхпен бірге бастау» бөлімі бойынша қысқаша тексерудің нәтижесін талқылаңыздар (төменге қараңыз).
7. Киелі Кітап оқудағы жетекшіліктегі «Құдай сенің қамыңды ойлайды» деген тақырыптың 1 тарауында 1-12 сұрақтарын талқылаңыз (19-21 беттер).
8. 3 сабаққа тапсырманы оқыңыз (23 бет).
9. Сабақты мінәжат етіп аяқтаңыз.

Мәсіхпен бірге бастау: Қысқаша тексеру

Сіздер алдыңғы сабақта өткен «Мәсіхпен бірге бастау» бөліміне берілген келесі сұрақтарға жауап беріңіз. (Сұрақтардың басым бөлігі 11-14 беттерде баяндалған нәселерге байланысты)

1. 2:7 Сериясының бірінші курсы кезінде жаттуыңыз керек болатын бес тақырып сілтемелер төмендегідей:

	ТАҚЫРЫП	СІЛТЕМЕ
Сенімділік	_____	_____
Сенімділік	_____	_____
Сенімділік	_____	_____
Сенімділік	_____	_____
Сенімділік	_____	_____

2. Қай аят : «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын.» деген сөздерден басталады?
(11 беттер)

3. Келесі сөйлемді аяқтаңыз (11бет) : «Көптеген адамдар құтқарылғандығына деген сенімділіктерін _____ өлшеумен қателеседі».

4. Келесі сөйлемді аяқтаңыз (1 Петір 2:2; Елшілердің істері 20:32; 11-12 бет «Енді сөз сендерге қызмет ететін болады _____
және сенімде _____ болады».

5. Забур жыршысы: «Жүрегіме сақтадым айтқандарыңды.» (Забур 118:11) дейді. Сіздің ойыңызша бұл нені білдіреді? (12-13 бет)

6. Біз шайтанды жеңуіміз үшін Құдай бізді қандай қарулармен қаруландырды?
(Ефестіктер 6:17, 12 бет)

7. Иса шайтанның азғыруларына қалай жауап берді? (12 бет)

3 САБАҚҚА ТАПСЫРМА:

1. Киелі Жазбаны жаттау: «Дұғаға жауап алуға деген сенімділік» тақырыбына аят жаттап алыңыз —Жохан 16:24.

2. Киелі Кітап оқу: Киелі Кітап оқып оны белгілеуді жалғастыра беріңіз.

3. Киелі Кітап оқуға деген жетекшілік: 13-17 беттегі сұрақтарға жауап беріңіз және Киелі Кітап оқуға жетекшіліктегінің 1 бөліміндегі(23-24 бет) «Құдай сенің қамыңды ойлайды» мақаласына Қысқаша мазмұндаманы оқыңыз.

4. Өртүрлі: Чарльз И. Хаммелдің 26-30 беттегі «Қауырт істер езгісі» мақаласын мұқият оқып шығыңыз. Онда сіз үшін өте ерекше болып көрінген жерлерін белгілеп қойыңыз. 30 беттегі 1-4 сұрақтарға жауап беріңіз. («Қауырт істер езгісі» мақаласын талқылау.)

1 Тарау

Құдай сенің қамыңды ойлайды

2 бөлім

Құдай сені өз жанұясына қабылдады

13. Иса Өзінің шәкірттерін Құдайды қалай шақыру керек деп үйретті ? Матай 6:9

14. Шыныменде Құдай — біздің бәріміздің әкеміз болып табылады ма? Неліктен?
Жохан 8:42-44 _____

15. Қалайша адам — Құдайдың жанұясында қайта туылады? Жохан 1:12-13

«Мен үшін құтқарылғаным сенімді болу өте маңызды, өйткені егер Оның мені сүйіп және баласы ретінде қабылдайтынын білмегенде Оны бала секілді сүйіп және қызмет ете алмас едім».

16. Римдіктер 8:15-17 негізінде Құдайдың баласы болу несімен жақсы екенін көрсетіңіз. _____

(Авва - жұмсақ, әкеге деген құрмет пен сенімге толы сөз, «папа» деген сөзге жақынырақ)

17. Сіз неліктен Құдайды — Әке дейтініңізді қысқаша жазыңыз _____

Сіз, мәсіхші ретінде, Құдай — сізге мәңгілік өмір берген Әкеңіз екеніне сенімді болуыңыз қажет. Адамның сезімдері өзгермелі, бірақ бұл сенімділік мықты негізде —

Құдайдың сөзіне негізделген. «Сендер Құдайдың рухани Ұлына сенгендіктен мәңгілік өмірге иесіндер. Оған сенім артқан сендердің соны білулерің үшін бұларды жазып отырмын.» (1 Жохан 5:13).

Келесі екі аят мәсіхшілерге құтқарылғандықтарына сенімді болуға көмектеседі. Олардың ішінде сізге ең қатты сәйкес келетінін таңдап алыңыз. Мүмкін сіз оны жаттап алғыңыз келетін шығар.

- «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кімде-кім сөзіме құлақ асып, Мені жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті.»

Жохан 5:24

- «Бұл куәліктің мәнісі мынадай: Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады, осы өмір Оның рухани Ұлында. Құдайдың рухани Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ.»

1 Жохан 5:11-12

- «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын: ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады.»

Аян 3:20

ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМА

Құдай сізді Өзі қойған мақсатымен, өзінің салтанаты үшін жаратты. Ол сізді аса құнды етті, өйткені сіз Оған ұқсас етіп жаратылғансыз. Сіз ол үшін өте қымбатсыз. Ол сізді тіпті өзіңізден жақсы біледі. Ол сізді сүйетіні соншалық сіз үшін Өзінің жалғыз Ұлын айқыштағы өлімге жіберді. Бұл сүйіспеншілік әрекеті оның бізге мәңгілік өмір, ағыл-тегіл өмір бергісі келетінін көрсетеді. Мәсіхтегі осы жаңа өмірді қабылдағанда сіз рухани қайта туылып, Құдайдың жанұясына мүше болдыңыз. Ол— сіздің Әкеңіз. Сіз-Оның баласысыз.

3 САБАҚ

САБАҚ КЕСТЕСІ :

1. Төмедегі « Жатталған аяттарды бірге қайталау» бөлімін оқыңыз.
2. 2-Задамнан кіші топтарға бөлініп, төмендегі тақырыптар бойынша аяттарды бірге қайталаңыз:
 - а. «Құтқарылуға сенімділік» — 1 Жохан 5:11-12.
 - б. «Дұғаның жауабын алуға сенімділік» —Жохан 16:24.
3. Осы аптада Киелі Кітаптан оқып белгілеген ойларыңызбен топтағы адамдармен бөлісіңіз.
4. Киелі Кітап оқудағы жетекшіліктегі бірінші тарауының «Құдай сіздің қамыңызды ойлайды» деген бөліміндегі Тексеріп қорытындылау тапсырмасы мен 13-17 сұрақтарды талқылаңыз. (24-25 бет).
5. «Қауірт істер езгісі» мақаласын талқылаңыз(27-31 бет).
6. «Киелі Кітапты қолдану күнделігін қалай қолдану керек» деген тақырыппен танысыңыз. (32-33 бет).
7. 4 сабаққа тапсырманы оқыңыз (33 бет).
8. Сабақты мінәжат етіп аяқтаңыз.

Жатталған аяттарды бірге қайталау жайында

1. Қайталауды мүлтіксіз білетін аяттардан бастаңыз.
2. Топ ішінде ілтипатты қарым-қатынасты қолдаңыз. Бір біріңіздің сәттілікке деген сенімдеріңізді қолдау үшін қолдан келген бәрін істеміз, әркімге қолдау, жігерлендіру, мақтау қажет екенін ұмытпаңыз.
«Екеу болған жалғыз болғаннан жақсырақ, өйткені олар еңбектері үшін жақсы сыйлықтар алар. Егер біреуі жығылса, екіншісі досын тұрғызады. Ал жалғыз жүрген біреу жығылса, қайғыға тап болар, өйткені оны тұрғызатын ешкім болмайды» Екклесиаст 4:9-10.
3. Сіздің мақсатыңыз аяттарды сөзбе сөз жаттау болып табылады.
 - а. Өте жиі сіздің аятқа дұрыс сілтеме жасау қабілетіңіз басқаларға сізге деген сенім ұялатады, ал бұл сізге оларға көмек беруге мүмкіндік туғызады.
 - б. Сөзбе сөз жатталған аят бәрінен тез еске түседі.
 - в. Егер аяттың мазмұнын тек жобамен білсеңіз, күмәнданатын боласыз, ал олай болса айтқыңыз келетін нәрсе керекті беделін жоғалтады.
 - г. Қандай жұмыс істесеңіз де, жақсы істеуге тырысыңыз. «Қандай жұмыс

болса да, оны адам баласы үшін ғана емес, Иеміз үшін істеп жүргендей жан-тәндеріңмен атқарындар!» (Қолос. Хат 3:23).

4. Аятты айтып тұрған бауырлас қате жіберсе, оған осыны сөйлемей, ымдап көрсетіңіз. Тек өзі сұраған кезде ғана айтып түзетіңіз.

5. Бауырласыңыз қатесін түзеткеннен кейін оған сол аятты дұрыс айтқызып барып, келесі аятқа көшіңіз. Бір – біріңізді жақсы түсіну үшін сөздерді анық айтуға тырысыңыз.

ҚАУЫРТ ІСТЕР ЕЗГІСІНДЕ

«Шіркін, бір тәулікте отыз төрт сағат болса ғой тамаша болар еді!» деп ойлаған кездеріңі болды ма? Әрине, осы қосылған уақыт бізді өмірдегі зор қысымнан бірден босатар еді деп ойлайтын боларсыз. Біздің өміріміз – бітпеген жұмыстардың ұзақ тізбегі. Өмірімізді бағалай үшін бір сәтке тоқталатын болсақ жауапсыз қалған хаттар, жолығуға қолымыз тимейтін достарымыз, жазылмаған мақалалар мен оқылмай қалған кітаптар туралы ойлар бізді мазалай беретінін байқаймыз. Осы асығыстан құтылудың жолы жоқ сияқты болып көрінеді. Бірақ осы армандаған отыз төрт сағаттық тәулігіміз шынымен бұл мәселені шешер ме еді? Сол жағдайда да дәл қазіргідей жиырма төрт сағатпен шектелгендей қиналмаймыз ба? Ананың жұмысы ешқашан бітпегендей, студенттің, мұғалімнің, қауым жетекшісінің және кімнің болса да жұмысы таусылуы мүмкін емес. Уақыт қосылса да бұл жағдай өзгермейді. Балалар бой жетіп саны көбейген сайын біз оларға көбірек уақыт бөлуге мәжбүр боламыз. Жұмыс пен қауымдағы тәжірибеміз өскен сайын қызыметіміз де күрделенеді. Сондықтан жұмысымыз көбейгенде қуанышымыздың азайғанын байқаймыз.

Маңызды жағдайлар мен қауырт істегі жағдайлардың тартысы

Осы жағдай туралы ойлағанда мәселе тек уақыттың кемдігінде емес екеніне

көзіміз жетеді; бұның себептері де тереңірек. Ең басты нәрсені таңдап, сонымен жұмыс істегеніміз жөн. Әдетте қиын жұмыстың зияны жоқ. Маңызды тапсырманы орындау үшін беріліп, ұзақ әрі мұқият еңбек ету деген не екенін білеміз. Жұмысты бітірген адам шаршаса да ризашылыққа бөленеді. Өткен айлар мен жылдарға қарап көптеген бастап аяқталмаған істерімізді еске түсіргенде, жүрегімізде өкініш пайда болып қатты абыржимыз. Біз істелугі тиісті маңызды нәрселерді жіберіп алғандай сезінеміз. Басқа адамдардың орындалмай қалған талаптарының лебі бізді күйініш құзына апарып түсіреді. Біз күнәсына өкінген адамдай сөйлей бастап, мынаны мойындаймыз: «Аяқтауға тиіс қаншама істерді аяқтамадық, ая аяқтауға қажеті болмаған қаншама істерді аяқтады». Осыдан бірнеше жыл бұрын тоқыма зауытының тәжірибесі үлкен бастығы мағын: «Сіздің ең қауіпті мәселеңіз-істеп жүрген маңызды жұмыстарыңызға қауырт нәрселердің бөгет болуына жол беретініңіз», - деді. Сол адам сөздерінің маған өте қатты әсер еткенін байқамады. Қай жұмысты алдымен істеп, қай жұмысты кейінге қалдыру туралы ойланғанымда осы сөздер жиі есіме түсіп, мені абыржытады.

Біз үнемі қауырт жағдайлар мен маңызды жағдайлар тартысының қак ортасында өмір сүріп қиналамыз. Шынымен маңызды істерді дәл бүгін немесе қазір дереу істеуге қажет емес

сияқты болып көрінеді. Дұға етуге немесе Киелі кітапты оқуға уақыт бөлу, Құдайға сенбейтін досқа барып, онымен Иеміз жайында сөйлесу-осының бәрі де күте тұрар деп ойлауымыз мүмкін. Ал көптеген жедел жағдайлар дереу әрекет жасағанды талап етеді; олардың таусылмайтын тізбегі бізді өз қысымынан жібергісі келмейді. Қазіргі таңда адам баласының үйі бұрынғыдай бекініс емес; мәселен телефонның кесірінен адамға кейбір кезде үйде де маза болмайды. Көптеген жұмыстар бір қарағанда маңызды және алдымен істелуге міндетті болып көрінгендіктен, біздің күшімізді толығымен алып кетеді. Бірақ уақыт өткенде олардың бірінші кезекпен істелуге керегі жоқ болғанын түсініп, шынымен маңызды істерге күш салмағанымызға қатты өкінеміз. Сөйтіп өзіміздің қауырт істің езгісінің құлдарына айналғанымызды түсінеміз.

Бұдан қалай құтыламыз?

Өміріміздің осы мәселесін қалай шеше аламыз? Оның жауабын біз Иеміздің өмірінен табамыз. Өлерінің алдындағы соңғы түні Ол ғажап сөздер айтқан болатын. Жохан жазған Ізгі хабарда Ол Әкесіне: «Маған тапсырған ісінді аяқтап жерде ұлылығыңды көрсеттім», - деді (Жохан 17:4). Исаның «істі аяқтағанын» қалай түсінеміз? Оның үш жылдың ішінде істеген қызметі бізге тыз ұзық емес болып көрінетін шығар. Шимонның үйіне келген жезөкше әйел кешіріліп, жаңа өмірге ие болғанымен, сол қаланың көшелеріндегі көп адамдар осындай бақыттың не екенін білмей кетті. Ондаған ауру адам сауықтырылған жағдайда да, жүздеген адамдар ауру болып қала берді. Бірақ сол соңғы түні көптеген пайдалы істер бітпей, адамдардың жедел

мұқтаждықтары қанағаттандырылмаса да, Иеміздің жүрегінде тыныштық болды; өйткені Ол Құдайдың тапсырмасын орындағанын білді. Ізгі хабар Исаның үздіксіз еңбек еткенін анық көрсетеді. Марқа Оның тынымсыз күндерінің біреуін сипаттап бергеннен кейін мынаны жазған: «Күн батып, кеш түсе жұрт науқастар мен жын бұғандардың барлығын Исаға алып келді. Күллі қала халқы сыртта, есік алдына жиналды. Иса алуан түрлі аурулармен азап шеккен көптеген науқастарды сауықтырып, көп жындарды адамдардан қуып шығарды» (Марқа 1:32-34).

Басқа жағдайда да бір кезде Иса осы ауру мен мүгедек адамдарды сауықтырып жүріп, тіпті кешкі асында ішпей ұзақ жұмыс істеген кезде шәкірттері Оны жынданып кеткен деп ойлады (Марқа 3:21). Ал басқа күні Иса адамдарға тыңдай алғанша уағыз айтып, сол күні шәкірттерімен бірге қайыққа отырып көлдің арғы бетіне жүзіп өтпекші болды. Ол шаршап ұйықтағалы соншалық, қатты дауылды да естіп оянбады (Марқа 4:37-38). Оның еңбек етіп қалай шаршағаны осыдан көрінбейді ме?

Дегенмен Исаның өмірінде ешбір сасқалақтық болған емес. Адамдар үшін Оның әрқашан да уақыты болатын. Ол құдықтың басында кездескен самариялық әйелмен әңгімелескендей, әр адаммен бірнеше сағат сөйлесе алатын. Уақытты ретімен пайдаланудың тамаша үлгісін Исаның өмірінен көруге болады. Бауырлары Оның Яһудеяға барғанын қалағанда Ол: «Өзімді халыққа танытатын әлі келген жоқ», - деп жауап берді (Жохан 7:6). Иса Өзінің керемет дарындарын асығыс жағдайларда пайдаланып, олардың берекесін кетірген емес.

А.Е. Уайхэм өзінің «Рухани өмірдің тәртібі мен мәдениеті» деген кітабында былай деп жазған: «Сол Адамның Өзіне лайықты мақсаты

болған... жүрегінде тыныштық бар болғандықтан Ол Өзінің қызу өмірінде қамсыз жүруге мүмкіндігі болды, сонымен бірге Оның бұл дүниенің азап, қайғы, жауыздық, күйініш сияқты жағымсыз жақтарымен араласуы Құдайдың рақымдылығын көрсету мақсатына айналды. Өлімді жеңу үшін отыз жастан асқанда Оның кенеттен қайтыс болғаны өмірінің «мінсіз аяқталғанын» көрсетеді. Біз Исаның өміріне сүйсіне отырып оның не себептен сондай ғажап болғанын білуіміз керек».

Құдайдың бұйрығын күтіңіз

Исаның істеген жұмысының құпиясы қандай? Біз осыны Марқа жазған Ізгі хабардағы Исаның күнделікті қызметін бенелеуінен таба аламыз. Марқаның байқағаны «Ертеңіне таң атпай тұрып, үйден шыққан Иса оңаша бір жерге барып, сиынып дұға етті» (Марқа 1:35). Исаның өмірі мен Құдайдың Оған тапсырған жұмысының сыры мынандай: Ол Өзінің Әкесіне дұға етіп, Одан бұйрықпен күштің келуін күтті. Иса Өзінің не істейтінін алдын ала жазып жүрген жоқ. Ол күн сайын дұға етіп, Әкесімен тілдесіп жүрді. Демек, маңызды істерді қауырт істердің алдына қойды.

Елазар туралы әңгіме де осыған жақсы мысал болады. Біріншіден қарасақ Мәриям мен Мартаның: «Мырза, Сіз жақсы көретін кісі ауырып жатыр» деген жедел хабарынан маңызды не болды? (Жохан 11:3) Жохан сол кезде Иеміздің ерекше әрекетін былай сипаттайды: «Иса Мартаны, оның сіңілісі мен Елазарды жақсы көруші еді. Оның ауру екенін естісе де, Иса барған жерінде тағы екі күн болды» (5-6 аяттар). Біріншіден, осындай жағдайда не істеу керек еді? Әрине, сүйікті бауырын өлімнен сақтап қалу қажет болған сияқты! Бірақ, Құдай

Елазардың өліп, тірілгенін қалағандықтан оның қайтыс болуына жол берді. Кейін осы оқиға Құдайдың ұлылығын көрсетті. «Қайта тірілу мен шынайы өмір – Менмін. Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады» (25-аят).

Біз кейбір кездерде «Иеміздің қызметі неге ұзақ болмады? Ол тағы да бес немесе он жылға созыла алмас па еді?» -деп ойлануымыз мүмкін. Киелі жазба бұған жауап бермейді, сондықтан бұл Құдайдың құпиясының біреуі болып қалсын. Бірақ біз мынаны анық білеміз: Исаның Құдаймен дұға арқылы тілдесіп, Оның бұйрықтарын күтіп, орындағаны Иеміздің қауырт істің езгісінен еркін сақтап жүрген. Осы дұға етіп, Құдайдың бұйрықтарын күту Исаның дұрыс бағытта екенін сезіндіріп, Оның Құдай берген әр тапсырманы орындауына жетеледі. Ең соңғы түні Ол Әкесіне: «Сен тапсырған барлық жұмысты істеп аяқтадым», -деп айта алды.

Құдайға сенімін жүктеген әркім – азат болады.

Қауырт істің езгісінен азат болудың не екенін біз Иеміз берген мысал мен Оның уәдесінен көре аламыз. Парызшылдармен болған қызу айтыстан кейін Иса Өзіне сенгендерге былай деген: «Егер айтқандарымды естеріңде сақтап, жүзеге асырсаңдар, шынымен Менің шәкірттерім боласыңдар. Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді... сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім күнә жасаса сол- күнәнің құлы... Сонымен, егер Құдай Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе ғана, шынымен азат боласыңдар» (Жохан 8:31-36). Мәсіх адамдарды күнәнің құлдығынан босатқанда олардың қалай сезінетінін білеміз. Ал өзімізді қауырт істің езгісінен босату үшін Оған жол

беріп жүрміз бе? Ол «айтқандарымды естерінде сақтап, жүзеге асырындар» деген. Бостандыққа апаратын жол осы! Құдайға дұға етіп, Оның Сөзін ұстансақ, біз Иеміздің көзқарасын түсіне бастаймыз.

П.Т. Форсайт бір кездері: «Ең үлкен күнә – дұға етпеу», - деген. Әдетте біз ең үлкен күнәлар – кісі өлтіру, зинақорлық немесе ұрлық деп ойлаймыз. Бірақ барлық күнәлардың түп тамыры – Құдайдан тәуелсіз болу, демек менмендік, адамның өз күшін тым артық бағалауы. Құдайға дұға етіп, бірақ Оның нұсқауларын күтпейтін болсақ, біз сөзбен болмаса да, істеген ісімізбен Оның бізге қажет емес екенін білдіргендей боламыз. Дегенмен, қызмет етіп жүрген кездерімізде «осыны өзім-ақ істей алатын шығармын» деген қауіпті ниет пайда болуы мүмкін.

Ал осы жалған тәуелсіздікке қарама-қарсы көзқарас мынадай: Құдай бәрімізге әрқашан да қажет, себебі Ол бізге ақыл беріп өмірімізде жетелейді. Иемізге тәуелді болып, Онымен қарым-қатынаста болу жайында Дональд Бэйли былай деді: «Иса Құдайға толық сеніп өмір сүргендей, біз де дәл солай өмір сүруіміз керек. Осындай тәуелділіктің адам өміріне ешбір зияны жоқ, қайта керісінше олар тек Құдайға сеніп шынайы өмір сүре алады. Адам баласының шынайы қасиеті тек сонда ғана көрінеді».

Дұға арқылы Құдайдан көмек сұрамасақ, қызметіміз нәтижелі бола алмайды. Құдаймен өткізілген уақыт футбол ойынының арасында жасалған үзілістей, бізге демалып алып жұмыстарымыздың жаңа бағыттарын анықтауға көмектеседі. Осындай кездерде Иеміз бізді қауырт істің езгісінен азат етеді. Ол Өзі туралы ақиқатты ашып, біздің Оның еркімен не істеуіміз керек екенін көрсететін ақыл береді. Сондай – ақ берілген жұмысты

сасқалақтап, асығыс істеудің қажеті жоқ, өйткені Құдай біздің қабілетіміздің шегін біледі. «Әкесі баласына қалай жаны ашыса, Иемізде Өзін құрметтегенге солай жаны ашиды. Біздің неден жаралғанымызды біледі, топырақтан жаратылғанымыз Оның есінде» (Забур жыр. 102:13-14). Құдай бізге әліміз келмейтін жұмыстарды жүктемейді. Асқазанымыз, жүрегіміз, жүйкеміз болсын, қай жеріміз ауырса да оған себепші Құдай емес. Бұл өміріміздегі ауыр жағдайларға күйінгеніміздің кесірі.

Ойлану және бағалау жайында

Қазіргі таңдағы жақсы кәсіпкер істеген жұмысын бағалау үшін арнайы уақыт бөлуге тырысады. Гринуолт деген кәсіпкер Дюпонт мекемесінің президенті болған кезде: «Жоспарлауға бөлінген бір минут жұмыстағы минуттың үшеуін немесе төртеуін сақтайды» - деген. Көптеген кәсіпкерлер әр жақта белгілі бір уақытта келесі аптада не істейтіндерін жоспарлағанда олардың жұмысы алға басып, кірістері көбейген. Егер басшы жоспарлауға көңіл аудармаса, оның орнын басқа біреу иемденер. Сондай – ақ Исаның қызметшісі Құдайдан рухани жігер мен ақыл алуға уақыт бөлмесе, қауыр істің езгісінің құлына айналады. Ол асығып еңбек еткен жағдайда да Құдайдың тапсырмасын орындамайды. Әр күнді дұғамен бастасақ, Құдаймен қатынасымыз тығыз болады. Алдағы уақытқа Одан бата сұраңыз. Осы уақытты Оған арнаудың жолын іздеңіз. Сондай асығыс жоқ, тыныш кездерде істелуге тиісті жұмыстар мен бұрын алынған міндеттеріңізді қарап шығыңыз. Тәжірибесі бар генерал соғысты бастар алдында ұрыстың жоспарын жасап, маңызды шешімдерді соғысты ашпай тұрып қабылдайды. Дегенмен, төтенше жағдай болып қалғанда ол жоспарын өзгертуге әрдайым дайын болады. Сондықтан сіз

де бір күнге жоспарлаған жұмыстардың бәрін істеуге тырыссаңыз да жағдайдың кейде өзгеретініне де әзір болыңыз. Мысалы, сізге біреу күтпеген жерден телефон соқты дейік. Ол Сіз күтпеген ұсыныс та жасауы мүмкін. Сіз сол аяқ астынан жасалған ұсынысқа келісе салуға азғырылуыңыз да мүмкін, себебі бірнеше күннен кейін қолыңыз бос сияқты болып көрінетін шығар. Сонымен бірге бұл жағдай сізге қауыр іс болып көрінеді. Дереву жауап беруге асықпаңыз, мұндай жағдай сізге тым жедел болып көрінбейді. Осы кезде Құдайға дұға етіп, Одан Өзінің еркін сізге білдіруін өтініңіз. Әр күні таңертең өткізілетін тыныш уақыттан басқа Құдайдан ақыл-кеңес сұрау үшін әр аптадан бір сағат бөліңіз. Өткен жұмыстарға баға беріп, Құдай сізге не үйреткенін жазып, болашаққа жоспар жасап жүріңіз. Сондай – ақ, әр айдан да осындай бір күн таңдап қоюға тырысыңыз. Осының бәрін істеуге талпыну барысында сіз сүрінуіңіз мүмкін. Жұмысыңыз көбейген сайын осындай сағаттар сізге көбірек қажет болады. Ең қызығы – бұған қолыңыз мүлдем тимейтін сияқты болып көрінсе де, бұл сізге өте керек нәрсе. Өз жолының дұрыс екеніне күмәнданып сасқалақтап, екі есе жұмыс істеген безгек фанатик Құдайдан қашқан жанға ұқсап кетеді. Ал егер сіз дұға етіп, әр күнге жоспар жасайтын болсаңыз және Құдайдың өзіңіздің жетелегенін қаласаңыз жұмысыңыз әрқашан да берекелі болып, еңбегіңіздің жаңа лебі Құдайға күнде қуаныш әкелетін болады.

Талпыныңыз...

Құдайға уақыт бөліп, күнделікті дұға етіп, апталық және айлық жоспарлар жасау – Исаға сенген адам үшін ең қиын күрес. Кейбір сенушілер осыны бірнеше жыл бойы істемей

жүреді. Құдайдан жігер алу уақытының маңызы зор болғандықтан, шайтан сол уақытты бізден ұрлауға тырысып жүреді. Бірақ біз қауырт істің езгісінен қалай құтылуды анық білуге тиіспіз, өйткені Иса одан үстем болудың жоспарын көрсеткен. Ол Палестинадағы көптеген қауыр істерді аяқтамаса да, Құдайдың тапсырғанын толығымен орындады. Құдайдың еркі бойынша жүргенін анық білген адам ешқашан өкінбейді. Қайда болсақ та, қашан болса да Әкеміздің еркін орындап жүргенімізге күмәнданбасақ біз шынай қуанышқа бөленеміз. Сол қуаныштың орнын ештеңе алмастыра алмайды. Құдаймен жүрген адам бітпеген жұмыстарын Оған тапсырғанда ғана тыныш өмір сүреді. Жақында Пол Карлсон деген жас жігіт біреудің оғынан қаза тапты. Дегенмен, ол Құдайдың еркін орындап кетті. Жас болса да ол диссертациясын қорғап алған болатын. Оның шаң басқан кітапхананың біреуінде отырып, ғылыми салада талай жетістіктерге жетуге мүмкіндігі болған. Бірақ ол Құдайдың елшісі болуға, демек кейбір кезде қауіпті жұмыспен айналысуға шешім қабылдады. Бұл сонда қисынсыз өлім болғаны ма? Айналамыздағылардың көбісі ұзақ өмір сүріп, тыныш жағдайда да өлетін шығар, бірақ соңғы сәтте Құдайдың берген тапсырмасын орындағанын анық білген адамның қуанышына ештеңе жете алмайды. Ал осы қуанышты бізге беретін – Исаның рақымы. Ол бізді күнәнің құлдығынан босатып, Құдайға қызмет етудің жолын көрсетеді. Егер біз Иеміздің Сөзін ұстансақ, шынымен Оның шәкірттері бола аламыз. Сондай – ақ Ол бізді қауырт жағдайлардың езгісінен азат етіп, Құдайдың маңызды тыпсырмаларын орындауға жол береді

«Қауырт істер езгісінде» мақаласын талқылау

«Менің ойымша біздің ғасырымыз тіршілік ету құралдарының және жолдарының жетілгендігімен және мақсаттардың анық еместігімен ерекшеленетін сияқты белгісіз мақсаттар»

«Жақсы көп жағдайда ең жақсының жауы» *Белгісіз автор*

1. Мақалада «қауырт» деген сөз қандай мағынада қолданады?

2. Мақалада «маңызды» деген сөз қандай мағынада қолданылады?

3. Мақаланы оқу үстінде қандай ойлар сізге ең қатты әсер етті?

4. Мақаланы топта талқылау үстінде бөліскен ойлар ішінде сізге ең қызық болып көрінгені бар ма?

Киелі кітап оқу күнделігін қалай қолдану керек

Оқу күнделігі сізге Киелі Кітаптың қай тарауларын оқып шыққаныңызды көрсетеді. Ол сізге Киелі Жазбаны оқуда көмектеседі әрі жаңа тарауларды оқуға жігерлендіретін болады.

Барлық кітаптар дәл Киелі Кітаптағы реттілікпен орналасқан. Көне және Жаңа келісімдер бөлек орналасқан. Кітаптардың атауынан кейін тұрған сандар сол кітаптардың бөлек тарауларын білдіреді. «Елшілердің істері» кітабында 28 тарау бар, сондықтан сіз оның атынан кейін 28 санын көре аласыз.

Матай 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28

Марқа 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16

Лұқа 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24

Жохан 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21

Елшілері 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28

Жақып 1 2 3 4 5

1 Петір 1 2 3 4 5

2 Петір 1 2 3

Мысалға, сіз Елшілердің істері кітабының бірінші төрт тарауын оқыдыңыз делік. Сонда алғашқы төрт санды белгілеп қоюға болады.

Елшілердің ~~1-2-3-4~~ 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 істері

Жақып 1 2 3 4 5

Немесе

Елшілердің ~~1-2-3-4~~ 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 33 27 28 істері

Жақып 1 2 3 4 5

Сіз кітапты оқуды түгелдей аяқтағанда сызып қойған соңғы тараудан кейін оқып аяқтаған күнін жазып қойсаңыз болады.

Елшілердің ~~1-2-3-4-5-6-7-8-9-10-11-12-13-14-15-16-17-18-19-20-21-22-23-24-25-26-27-28~~ істері

Жақып 1 2 3 4 5

Өте жиі сіз бір кітапты оқуды аяқтайсыз тек одан кейін ғана келесі кітапқа көшесіз.

Оқу күнделігін өзіңіздің Киелі Кітап оқу күнделігіңіздің ішінде салып жүргеніңіз дұрыс болады. Әр күні оқыған үзіндіңізді белгілеуді ұмытпаңыз.

Әрдайым жазып жүру сізді әрі қарай Киелі Кітап оқуға жігерлендіреді, өйткені сізге жетістіктеріңізді көз алдыңызда көрсетіп тұрады.

4 САБАҚҚА ТАПСЫРМА:

1. Киелі Жазбаны жаттау: «Жеңіске сенімділік» тақырыбына аятты жаттап алыңыз

2. Киелі Жазбаны оқу: Киелі Кітап оқуды жалғастыра беріңіз. Оқу күнделігін қолдана бастаңыз. Оқығандарыңызды әрдайым белгілеп отырыңыз.

3. Киелі Кітап оқуға арналған жетекшілік: Киелі кітапты зерттеу: Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің 2- тарауындағы «Иса Мәсіхтің тұлғасы» деген бөлімнің 1-10 сұрақтарына жауап беріңіз (34-35 беттер).

2 Тарау

Иса Мәсіхтің тұлғасы

1 Бөлім

Иса көзге көрінбейтін Құдайдың бейнесі (Қолостықтар1:15). Адам Құдайдың табиғатын толықтай тани алмайды. Құдай киелі, ал адам күнәкар. Күнәкар адамды Өзімен байланыстыру үшін Құдай адамның кейпін киіп адамдарға Иса Мәсіхтің бейнесінде келді. Адаммен қарым қатынасқа түсіп оған жанашырлық таныту үшін оған адам болуға тура келді. Сондықтан Иса Мәсіхтің табиғаты екеу, Ол-Құдай және Адам.

Иса Мәсіхтің тұлғасын түсіну үшін Оның Құдайлық болмысын және Адамдық болмысын зерттеу қажет.

Иса Мәсіхтің Құдайлық болмысы

Кейбір адамдар Иса Мәсіх жайлы ұлы адам ретінде сөйлейді. Кейбіреулер үшін ол- жаңа діннің негізін салушы. Ал кейбіреулер Оны пайғамбар дейді. Бірақ Исаның Өзі Өзін Құдаймын деген! Егер бұл өтірік болса оны тіпті жақсы адам деп айтуға да болмайды. Ол өтірікші әрі жалған ат жамылушы болғаны.

Еврейлерге арналған хатта Мәсіхтің Құдайлық болмысы жайында жазылған. Осы тарауды оқып 1-4 сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Иса Мәсіхтің періштелерден жоғары екені жайында:

4-5аяттарда _____

6 аяттарда _____

13-14 аяттарда _____

_____ айтады.

2. 8-12 аяттарды оқыңыз. Төменде әр тұжырымдаманың жанына берілген ақиқат жазылған аятта нөмерін қойып шығыңыз.

Иса — Жаратушы _____

Иса — өзгермейді _____

Иса — мәңгілік _____

Иса — әділ _____

3 аятта Исаның бізге Құдайды ашып беретін тізімі жазылған. Кем дегенде біреуін атап кетіңіз _____

3. 8 аятта Құдай Исаға қалай сөйлейді? _____

10 аятта ше? _____

4. Иса Өзі жайлы не деген еді? Жохан 10:28-3 _____

«Егер бөлмеге Сократ кірсе, оған құрметтің белгісі ретінде бәріміз тұратын едік. Ал Иса кірер болса біз бәріміз тізе бүгіп оған табынар едік». Наполеон

Иса жер бетінде өмір сүрген кезінде Өзінің Құдайлық күшін дәлелдейтін көптеген кереметтер жасады.

5. Матай жазған ізгі хабардың 8 –інші тарауының келесі аяттарының негізінде Иса Өзінің таңғажайып күшін қалай көрсеткендігін айтып беріңіз.

3 аят _____

6,13 аят _____

16-17 аят _____

23-27 аят _____

6. Жохан жазған ізгі хабарда Исаның бірегей, керемет күшін сипаттайтын не бейнеленген 11:39

44? _____

7. Петір Исаның өмірін, Оның күшін бақылай келе әрі Оның уағыздарын тыңдай келе

қандай қорытындыға келді? Матай 16:13-16

8. 60-61 беттегі кесте Исада көптеген пайғамбарлық сөздер орындалғанын көрсетеді.
Бұл аяттар сіздің Иса жайлы көзқарасыңызға қалай әсер етеді?

9. Иса Мәсіхтің табиғаты жайындағы бөлімді қайта қарап шығыңыз. Иса Мәсіхтің
Құдай екеніне сенуіңізге үш себеп атап кетіңіз.

4 Сабақ

САБАҚ КЕСТЕСІ:

1. 2-3 адамнан тұратын топтарға бөлініңіз және келесі тақырыптар бойынша аяттарды қайталаңыз:

а. «Құтқарылғаныңызға сенімділік» — 1Жохан 5:11-12;

б. «Дұғаға жауап алуға сенімділік» — Жохан 16:24;

в. «Жеңіске сенімділік» — 1 Корынттықтар 10:13.

2. Топта Киелі Кітаптан осы аптада оқып белгілеген нәрселер туралы бөлісіңіз.

3. Обсудите вопросы из раздела «Иса Мәсіхтің тұлғасы» тақырыбынан, 2 тарау 1 бөліміндегі Киелі Кітап зерттеу бойынша 1-10 сұрақтарды талқылаңыз, 34-35 беттер.

4. Мінәжатқа байланысты Іс жүзіндегі кеңестерді оқып шығыңыз.

5. 5 сабаққа тапсырманы оқып шығыңыз

6. Дұға етіп аяқтаңыз.

Дұға етуге байланысты пайдалы кеңестер

1. Дұға ету дегеніміз — Құдаймен қарым қатынас.

а. Келесі аяттардың Құдаймен қарым қатынасқа байланысты негізгі ойы қандай?


Қорынттықтар 1:9 _____

1 Жохан 1:3 _____

б. Кімде кіммен болмасын қарым қатынас жасаудың ең қажетті шарттары қандай?


в. Біздің Құдаймен қарым-қатынасымызға тыңдау үшін және сөйлеу үшін уақыт қажет. Әңгімелескен кезде жанымыздағы адамға қалай жауап берсек, Құдай бізбен сөйлескенде де солай жауап беруіміз керек. Төменде берілген диаграммалардан Құдаймен жақсы қарым қатынастың және жаман қарым қатынастың үлгісі көрсетілген.

ЖАМАН ҚАРЫМ ҚАТЫНАС



Сол жақта біз Киелі Кітап оқып Құдайды тыңдайтын мәсіхшіні көреміз. Киелі Кітап оқып болғаннан кейін ол дұға етуге көшеді (жоғарыда оң жақта). Дегенмен ол жерде айтатын тақырыптар қазір ғана оған Құдайдың айтқандары жайында емес. Кейбір кезде біз досымызбен әңгімелескенде соншалықты әдепсіз боламыз— бізге айтылғандардың бәрін де тыңдамай тек өзіндікін айта беруге болмайды ғой. Дегенмен кейде Құдайға дәл солай істейміз. Біздің «жаман қарым қатынас» дейтініміз де сол.

ЖАҚСЫ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС



Екінші диаграмма «жақсы» қарым қатынасты суреттейді. Құдай мәсіхшінің жүрегінде ақиқатты ашып бергенде адам оған дұғамен жауап береді. Мысалға, сол ақиқатты тануға даналық сұрап немесе оны өз өмірінде іске асыруға Өзінің рахымын берсін деп сұрап, немесе тек Өзінің Сөзі арқылы жетекшілігі үшін рахмет. Ол Құдаймен оқығаны жайлы да оқу кезінде де, және оқығаннан кейін де сөйлеседі. Одан кейін, дұға етуін жалғастыра бере ол оқығанына тікелей қатысы жоқ нәрсе туралы сұрай алады.

2. Ұсынылатын дұға ету формасы.

Мадақ — Құдайдың болмысы мен қасиеттерін мойындау.

1 Шежірелер 29:11 _____

Забур 144:1-6 _____

Тәубе ету — Құдайдың алдында жасаған өз күнәларың үшін тәубе ету (кейбіреулер аяттарды қолдануды қалайды).

1Жохан 1:9 _____

Забур 31:5 _____

Алғыс айту — Құдайдың істегендері үшін алғыс білдіру.

Ефестіктер 5:20 _____

Забур 99:4 _____

Сұрау — Құдайға өтініш білдіру.

Матай 7:7-8 _____

Жақып 4:2 _____

3. Дұға ету кезінде Киелі үшбірлік қатысады: біз Әкеге Иса Мәсіхтің атынан Киелі Рух арқылы дұға етеміз.

а. ӘКЕ

Матай 6:9

Жохан 16:23

Ефестіктер 3:14

б. ҰЛЫ, ИСА МӘСІХ

Біз оның атынан дұға етеміз, Ол — біздің Әкеге жол сілтеушіміз

Жохан 14:13-14

Жохан 15:16

Жохан 16:23-24

в. КИЕЛІ РУХ

Тіпті біз сөзбен жеткізе алмайтын кездерде Ол Әкеге біздің жүрегімізде не бар екенін білдіреді. Римдіктер 8:26

5 САБАҚҚА ТАПСЫРМА:

1. **Киелі Жазбаны жаттау:** келесі сабаққа аят жаттау қарастырылмаған. Санаңызда білетін үшеуін қайталай беріңіз, оларды кем дегенде бір рет қайталаңыз.

2. **Киелі Кітап оқу:** Киелі Кітап оқуды жалғастыра беріңіз, белгілей отыра Оқу күнделігін қолдануды ұмытпаңыз. «Құдаймен кездесу уақыты» бөлімінде(40 бет) әр сегіз аяттың негізгі ойын жазып шығыңыз.

3. **Киелі Кітап оқуға жетекшілік:** тапсырма жоқ.

5САБАҚ

САБАҚ КЕСТЕСІ:

1. 2-3 адамнан тұратын топтарға бөлініп аяттарды келесі тақырыптар бойынша қайталаңыз:
 - а. «Құтқарылуға сенімділік» — 1 Жохан 5:11-12;
 - в. «Дұғаға жауап алуға деген сенімділік» — Жохан 16:24;
 - г. «Жеңіске сенімділік» — 1 Қорынттықтар 10:13.
2. Осы аптада Киелі Кітаптан оқығандарыңыз жайында ойларыңызбен топта бөлісіңіз.
3. Киелі Кітап оқу күнделігін қалай және не үшін қолдану керек екендігі жайында оқыңыз (39-40 бет).
4. «Құдаймен жеке кездесу» бөлімін оқыңыз (41 бет).
5. «Киелі Кітапты оқып, зерттеп, жаттаудың ерекшеліктері» тарауын мұқият оқып шығыңыз (41-42 аят).
6. Материалды зерттеу күнделігімен қалай қолдануға болатынын талқылаңыз (7 бет).
7. 6 сабаққа тапсырманы оқыңыз (42 беттер).
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі Кітап оқу күнделігін қалай қолдану керек

КҮНДЕЛІКТІ

1. Киелі Кітапты, белгілей отырып оқыңыз.
2. Оқып болғаннан кейін тағы бір рет қарап тағы бір рет сіз үшін ерекше қызық немесе пайдалы болып көрінген бір ойды белгілеп қойыңыз. Оның соншама ұлы сөз болуының қажеті жоқ, басқаларына қарағанда көбірек сіздің назарыңызды аударса жетерлік.
3. Киелі Кітап оқу күнделігін төмендегідей толтырыңыз:

Күні — оқыған күніңізді жазып қойыңыз.

Бүгін мен не оқыдым — Мысалға: Жохан 3:1-21

Ең маңызды жері: Сілтеме — Жохан 3:16 _____

Ой: Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, біздің күнәларымыз үшін Өзінің жалғыз Ұлын берді

Мен үшін бұл нені білдіреді: Мен бұрын ойламаптын, сүйіспеншілік — бұл жай ғана сезім емес, ол маған берілген құқықтар мен игіліктерден бас тартумен байланысты екен. Сонда ғана ол — нағыз сүйіспеншілік.

4. Егер сіздің уақытыңыз аз болса кез келген қағазда төмендегідей етіп жазыңыз:

- а. Күні.
- б. Осы күні оқығаныңызды.
- в. Сіз сол күні маңызды деп белгілеген ойдың сілтемесі.
- г. Сіздің алған әсеріңіз(қысқаша).

5. Сіз бірнеше күн бойы оқығандарыңыздан жазбалар жазып жүріп одан кейін Киелі кітап оқу күнделігіне көшіре аласыз, бірақ әрине кейінге қалдырмай Киелі Жазбаны күн сайын оқып оқу күнделігін толтырып жүрген жақсырақ.

Киелі Кітап оқу күнделігі не үшін керек

1. Күнделікті толтыру сізге күні бойы ойланатын бір ойды анықтауға көмектеседі. Мысалға сіздің күнделікті Киелі Кітап оқуыңызда орта есеппен алғанда сізге бес ой ерекше әсер етеді. Осы бесеуінің ішінен ең қызығын белгілеп алып ол жайында келесі оқуға дейін ойлансаңыз болады. Бұл Құдайға сіздің өміріңізді Киелі Жазбадан ашып бергені арқылы өзгертуге көмектеседі. Егер сіздің басыңыздағы ойлар анық емес және шатасқан болса, Құдайдың сіздің өміріңізді Киелі Жазбаны оқуыңыз арқылы өзгерту мүмкіндігі төмендеу.

2. Күнделік сізге Құдайдың сізді қайда жетелеп бара жатқанын көруге көмектеседі. Егер сіз әр күнде және әр аптада Құдайдың сізге ашып берген хабарын жазып отырсаңыз Құдайдың сізді қай жолмен жетелеп бара жатқанын анықтап көруге болады. Бұл сізге шешім қабылдауда, болашақты және осы шақты түсінуге көмектеседі.

3. Сіз ойларыңызбен достарыңызбен бөлісе аласыз. Мысалға, егер сізге сабақ өткізу немесе дұға жиналысын өткізу тапсырылған болса, бұл маңызды ойлар сізге керек болады. Өйткені бұл сіздің жай кітаптан немесе оқулықтан алғаныңыз емес (дегенмен мұндай материал да пайдалы болуы мүмкін) Құдайдың жеке сізге ашып бергені. Сіз үшін басқа да мүмкіндіктер туады— сіз үшін маңызды әрі қызықты болып көрінген нәрсе достарыңызға да солай болуы мүмкін.

4. Күнделік сіздің ойыңызды тиянақтайды және сізге жүйелі ойлауға көмектеседі. Оқыған мәтініңізді ойластырып және ең маңызды ойды таңдай отыра сіз өзіңіздің ой қабілетіңізді кемелдендіресіз, ал ол сізге басқа жағдайларда көмектеседі: Киелі Кітап зерттеу сабақтары, жанұя мәселелерін шешуде, достарыңыз кеңес сұраған жағдайларда.

5. Күнделік Киелі Кітап оқуда ретті әрі тұрақты болуға көмектеседі. Сіз де басқалар сияқты күнделікті жазу формасының болуы Киелі Кітап оқуда белгілі бір форманың болуы Киелі Кітап оқуда тұрақты болуда қалыптастыратынын байқайтын боларсыз. Күнделігіңізде бос орын қалды деген ой сізді оқуға итермелейтін болады. Басқа сөзбен айтқанда сіздің Киелі Кітапты ашпай күн өткізуіңіздің

мүмкіндігі өте төмен болады. Әрине, бұл оқу үшін ең жақсы ниет емес, деген бұдан маңыздырақ ниет ету пайда болмайынша оқуда тұрақты болуға көмектеседі.

6. Ең соңғы ескертулер: Оқу күнделігін аса әсемдеп әшекейлеуге тым көп уақыт бөлмеңіз. Бұл жазбаларыныңызды ұзақ қолданатын болғандықтан қаламсап емес қалам қолданыңыз

Құдаймен кездесу уақыты

«Өмірлерінде Мәсіхтің мінезінің жарығы ерекше байқалған және жан жағындағы әлемді айтарлықтай өзгеркен жандар Құдаймен көп уақыт қатынаста болған; олардың өмірінен осыны бірден байқауға болады... Құдаймен аз уақыт болу дегеніміз — Құдай үшін кішкентай болу».

Құдаймен жеке уақыт өткізу— деген не?

- а. Бұл асығыссыз Киелі Кітап оқып және дұға ету
- б. Бұл Құдаймен қарым қатынастың негізі.

1. Құдаймен уақыт өткізудің негізгі екі себебі бар.
(Төменде берілген аяттар жайында түсінігіңізді жазыңыз.)

а. РУХАНИ ӨСУ ЖӘНЕ РУХАНИ НӘР АЛУ. Денеміздің сау болып және дамуы үшін дұрыс тамақтану қажет. Рухани денсаулық үшін әрдайым Құдайдың Сөзімен тамақтану талап етіледі.

1 Петір 2:2 _____

Забур 118:103 _____

Иеремия 15:16 _____

Еврейлерге 5:12- 14 _____

б. ИСА МӘСІХПЕН ТІРІ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС.

«...онымен тұрақты, еркін және қарапайым әңгімелесу біз үшін әдетке айналу үшін. Біз аса құнды Құдайдың қатысуын сезінуіміз үшін — Құдай бізбен бірге».

1 Қорынттықтар 1:9 _____

Жохан 15:4 _____

Михей 6:8 _____

Забур 15:11 _____

Киелі Жазбаны оқудың, зерттеудің және аят жаттаудың ерекшеліктері

1. Оқу. Киелі Кітапты оқу сізге ләззат әкелуі тиіс және ойларыңыз бен сезімдеріңізді жаңартуы тиіс. Ол біздің жанымызды жоғарылатуы тиіс. Киелі Кітапты оқуда біз тек бөлек аяттың немесе сөздің мағынасына терең берілмей, берілген тарау немесе кітапта айтылған жалпы мазмұнын түсінуге тырысуымыз керек. Құдайға ашық жүрекпен Киелі Жазбаны оқу біздің ой ниетімізді, қалауларымызды тазартады. Мұндай оқу бізге елші Пауылдың берген кеңесін орындауға көмектеседі: «Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта, ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін!» (Римдіктер12:2). Сіздің Құдаймен тыныш уақыт

өткізуіңіздің негізінде Құдайдың Сөзін оқу жатыр.

2. Киелі Жазбаны жаттау. Інжілде біз Исаның бір емес бірнеше рет еркін Көне Келісімнен сілтеме келтіретінін көреміз. Елшілердің істерінде оның шәкірттері де дәл солай істейді. Үлкен мекеменің қызметкері компьютер арқылы қажетті мәліметті тез табаттынындай, біз де Құдайдың балалары ретінде аяттарды дәл солай жылдам еске түсіріп жатқа айтуға дайын болуымыз керек. Біз оларды куәлік бергенде, басқа мәсіхшілерді жігерлендіргенде, азғырумен күрескенде немесе рухани сабақ өткізгенде қолдана аламыз. Құдай жүрегімізге жазған Сөздің орнын ештеңе алмастыра алмайды. «Бүгін саған бұйырып тұрған Менің осы сөздерім сенің жүрегіңде болсын» (Занды қайталау 6:6). Дәуіт былай деп сұрайтын: «Жас жігіт қалайша таза жолмен жүре алады?» және: «Сөзіңе Сенің мойынсұнып солай істей алады...» деп жауап беретін (Забура 118:9). Егер біз Мәсіхтің сарбаздары болсақ, бізге майданға толықтай дайын болу керек.

3. Киелі Кітапты зерттеу. Киелі Кітапты оқу бізге жалпы түсінік берсе, Киелі Кітапты зерттеу үстінде біз әр түрлі жерлерінің мәнісін түсініп оның жалпы тәліммен қандай байланысы бар екенін білеміз. Киелі Жазбаны оқуды ұшақпен қаланың үстімен ұшуға ұқсатуға болады. Біз сонда қаланың жалпы қандай екенін көре аламыз, мәселен, оның ғимараттары мен үйлері, өзендері мен сая бақтары сияқты ерекшеліктерін үстінен қарап білеміз. Ал Киелі Жазбаны зерттеу болса дәл сол қаланы автокөлікпен аралағанға ұқсайды. Біз көшелердің атауларын білеміз, одан кейін біз әмбебап дүкеніне, почтаға, банкке қалай бару керек екенін үйреніп, «өз үйіміздегідей» сезінуге үйренеміз. Киелі Кітапты зерттеу бізге мазмұндалған ақиқаттарды анық түсіну үшін бәрін біріктіруге көмектеседі. Киелі Кітапты зерттеуде бізде анық нанымдар қалыптасады. Киелі Кітапты зерттеу — оны оқуға қарағанда майда шүйде жұмыс. Киелі Кітапты оқуда біз тек бір маңызды ойға назар аударып дұға етіп оны іске асыруға көңіл бөлеміз.

6 САБАҚҚА ТАПСЫРМА:

1. Киелі Кітапты зерттеу: «Кешірімге сенімділік» тақырыбы бойынша (1 Жохан 1:9) аятын жаттап алыңыз. Бұрын жаттаған барлық аяттарыңызды келесі аптада материалды зерттеу Күнделігінде әр қайсының жанында қол қоюға болатындай етіп мұқият жаттап алыңыз.

2. Құдаймен жеке кездесу уақыты: Киелі Кітап оқуды жалғастыра беріңіз. Әрдайым оқығаныңызды белгілеп отырыңыз— күнделікті ең маңызды ойды анықтап Киелі Кітап оқу күнделігіне енгізіп отырыңыз. Күнделігіңізді әрдайым өзіңізбен жиналысқа алып жүруді ұмытпаңыз! Сіз жазған жазбаларыңызбен топтағы достарыңызбен бөліссеңіз болады,

3. Киелі Кітап оқуға жетекшілік: 11-15 сұрақтарға жауап береңіз, одан кейін Киелі Кітапты оқудағы жетекшіліктің «Иса Мәсіхтің тұлғасы» бөлімінің қорытындысын оқыңыз.

2 Тарау

Иса Мәсіхтің тұлғасы

2 бөлім

Адамдық болмысы

«Иса Мәсіх осы әлемде жүріп өтті. Оның Құдайлық іздері ешқашан өшпейді. Және сол Құдайлық іздер адамдікі болып табылады...не періштенікі емес, не тәнсіз рухқа емес,
АДАМ БОЛМЫСЫ ИСА МӘСІХКЕ».

Жохан 4:6 _____

Жохан 4:7 _____

Жохан 11:35 _____

11. Матай 4:1-11 де Мәсіхтің азғырулары бейнеленген.

а. Иса шайтанға жауап берген әр кезінде келесі сөздерді айтатын: _____

Мұның мәні не? _____

б. Матай жазған ізгі хабардың 4-інші тарауының аяттарын Заңды қайталау кітабының бір біріне сай келетін аяттарын сәйкестендіріңіз.

Матай 4:4 Заңды қайталау 6:13

Матай 4:7 Заңды қайталау 6:16

Матай 4:10 Заңды қайталау 8:3

в. Сізге қандай азғырулар жиі кездеседі? _____

г. Сіз Иса Мәсіхтен үлгі алып қалай азғыруларға қарсы тұра аласыз?

Егер сіз «Мәсіхпен Бастау» бөліміне берілген карточкаларды әрдайым қалтаңызға салып жүрсеңіз бос болып қалған кездеріңізде ол керек болады. Өйткені басқасын айтпағанда Киелі Жазбаның бұл аяттар осы курстың аяттар жаттау бағдарламасына кіреді.

Енді мінәжат етіңіз:

- Құдайдың азғырылу дегеннің не екенін түсінетіні үшін рахмет айтыңыз.
- Одан әр түрлі азғыруларға қарсы тұруға көмек сұраңыз.
- Құлаған жағдайда оның : «Егерде күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады.» деген уәдесін еске түсіріңіз (1 Жохан 1:9).
- Құдайдың шексіз мейірімі үшін алғыс білдіріңіз.

Еврейлерге арналған хаттың екінші тарауында да Иса Мәсіхтің адамдық болмысы жайында құнды ақпараттар бар. Осы тараудың 10-15 аяттарын оқып келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

12. Иса қандай адамдық сынақтардан өтті? (10 аят) _____

13. Иса сенушілерді қалай атайды? Неліктен ол өзі үшін бұлай атауды төмендету деп есептемейді? (11 аят) _____

(Бұл жерде киелілеу «тазалау», қызметке, Құдайдың жоспарына жарамды ету дегенді білдіреді)

14. Иса Адам болғандықтан не істей алды? Атап кетіңіз (14-15 аяттарды қараңыз) _____

Иса жайында айтылған пайғамбарлық сөз

Пайғамбарлық сөздердің орындалуы Исаның Мәсіх, Құдайдың Ұлы екенін дәлелдейді. Исаның келмесінен жүздеген жылдар бұрын айтылған пайғамбарлық сөздер майда шүйде бөліктеріне дейін орындалғанын көргенде Оның Сөздерінің

ақиқаттығы біз үшін айдан анық болып көрінеді. Төменде берілген кестеде Иса жайындағы пайғамбарлық сөздер мен Олардың Исада орындалуы жайынды қысқаша тізім.

ТАҚЫРЫП	ПАЙҒАМБАРЛЫҚ СӨЗ	ОРЫНДАЛУЫ
Туылу орыны	«Сонда сен Ефраттың Бетлехемі, Иуданың мындаған мекендерінің арасында жолы кішісің ба? Израилдің Егесі болуға тиісті мәңгілік күндердің басынан пайда болғанды Маған сен бересің» (Миха 5:2), 700 б.з.б .	« Иса Иродтың патшалық құрған заманында Яһудея аймағындағы Бетлехем қалашығында дүниеге келді. Біраздан кейін Иерусалимге шығыстан жұлдыз санаушы ғұламалар келіп: » (Матай 2:1)
Пәк қыздан туылған	«...Ендеше Тәңірдің өзі сендерге осыны істейтіндігін дәлелдейтін керемет жасайды. Біліп ал, пәк қыз құрсақ көтеріп, ұл туады. Оған Имануил деген ат қояды.» (Ишая 7:14), 700б.з.б.	« Иса Мәсіхтің дүниеге келуі былай болды: Оның анасы Мәриям Жүсіпке айттырылған еді. Ал екеуі әлі қосылмай тұлғанда ақ, Мәриямның Киелі Рухтың құдыретімен аяғы ауыр екендігі белгілі болды.» (Матай 1:18)
Оның салтанатпен кіруі	« Қуаныңдар, Сион қаласының тұрғындары, шаттаныңдар, иерусалимдіктер! Сендерге мінезі нәзік патшаларың тайқарға мініп келе жатыр! Ол әділ, Оған жеңіс берілген ». (Захария 9:9), 1000 б.з.б.	« Қолдарына пальма бұтақтарын ұстап, қала сыртына шықты. Оны: Тәңір мадақталсын! Иеміздің атынан келе жатқан Израилдың Патшасы жарылқаған!» деп айқай салып қарсы алды. (Жохан 12:13)
Досының сатуы		«Ал он екі елшігің біреуі, Яһуда Исқариот, Исаны ұстап беру ниетімен басты діни қызметкерлерге барды.» (Марқа 14:10)
Тастанды	«Оны адамдар менсінбей жалғыз қалдырды. Ол ауыр азап көріп, көп қасірет шегіп, жұрт бетін бұрып әкететіндей жиренішті болды. Оны біз де бағалаған жоқпыз.» (Ишая 53:3),700 б.з.д..	«Өзі таңдап алған халқына келгенімен, олар оны қабылдамады.» (Жохан 1:11)
Күнәкарлармен айқышқа шегеленді	«Қылмыскердің қатарында саналды» (Исаия 53:12) 700 б.з.д..	«Жасақшылар Исамен бірге екі қарақшыны да, біреуін оң, екіншісін сол жағына айқыш ағаштарға керіп шегелеп, тік көтеріп қойды» (Матай 27:38)

Бүйірі мен қолын найзалады	«Аяқ қолымды түйреп даралады!» (Забур 21:17) 1000 б.з.б.	«Содан кейін Томаға: Менің қолыма саусақтарыңды тигізіп қара, алақаныңды бүйіріме қой және сенімсіз болмай, сенетін бол! – дейді.» (Жохан 20:27)
Оның қайта тірілуі	« Ескертуді жек көрген опат болар» (Нақыл сөздер 15:10), 1000 б.з.б.	«Ал шынайы өмірдің қайнар көзін өлтірттіңдер! Бірақ та Құдай Оны өлімнен тірілтіп алды,» (Елшілердің істері 3:15)
Оның көкке көтерілуі	« Ескертуді жек көрген опат болар » (Забур 67:19), 1000 лет б.з.б.	«Иса осылай деді де, олардың көзінше жоғары көтеріп кетіп, бір бұлт Оны көзден таса қылды.» (Елшілрдің істері 1:9)

ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМА

Иса Мәсіхтің бейнесіде мінсіз Құдайдың бейнесі бар. Оның Құдайлық сипаттамалары бар және періштелерден жоғары тұрады. Жер бетінде Иса Құдайлық күші болғандықтан ғана кереметтер жасап, ауыруларды сауықтырды. Бұл оның шәкірттеріне Оның Құдайлық болмысын мойындатып, Құтқарушы екенін көрсетті. Құдай болғандықтан Оның қолында бүкіл әлемнің билігі бар.

Бірақ Иса сонымен қатар адам болды. Оның басынан өткізгенінің көбі сіздің де басымыздан өткен нәрселер. Ол азап шегіп азғырылды. Сондықтан Ол Өзі ешқашанда азғыруларға беріліп көрмесе де сіз азғырылғанда қандай сезімде болатыныңызды жақсы түсінеді. Және сіз бұл күресте жеңілсеңіз, дегенмен өкініп оның алдында күнәларыңыз үшін тәубе етсеңіз, Ол сізді кешіреді. Исаның сенушілерді бауыр деп есептейтіні олармен бірлігінің куәсі.

6 Сабақ

САБАҚ КЕСТЕСІ :

- 2-3-адамнан топқа бөлініп келесі тақырыптар бойынша аяттарды қайталаңыз:
 - «Құтқарылуға сенімділік» — 1 Жохан 5:11-12;
 - «Дұғаға жауап алуға деген сенімділік» — Жохан 16:24;
 - «Жеңіске деген сенімділік» — 1 Қорынттықтар 10:13;
 - «Кешірімге деген сенімділік» — 1 Жохан 1:9.
- Достарыңызбен осы аптада Киелі Кітаптан оқып белгілегеніңіз жайында ойларыңызбен бөлісіңіз, әсіресе Киелі Кітап оқу күнделігінен.
- 11-15-мен Киелі Кітап оқудағы жетекшіліктің «Иса Мәсіхтің тұлғасы» тақырыбының қорытындысын талқылаңыз. 43-45 беттер
- 7 сабаққа тапсырманы оқып шығыңыз.
- Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

7 САБАҚҚА ТАПСЫРМА:

- Киелі Жазбаны жаттау:** «Құдайдың жетелеуіне сенімділік» тақырыбына аятты жаттаңыз (Нақыл сөздер 3:5-6).
- Құдаймен жеке кездесу уақыты:** Киелі Кітап оқуды жалғастыра беріңіз. Оқығаныңызды әрдайым белгілеп жүріңіз — әр күні маңызды ойды анықтап оны Киелі Кітап оқу күнделігіңізге жазып отырыңыз.
- Киелі Кітап зерттеуге жетекшілік:** келесі бөлімге жаңа тапсырма қарастырылмаған. Сізге «Иса Мәсіхтің тапсырмасы», бөлімімен алдын ала жұмыс істеуді ұсынамыз. 3-тарау.
- Әртүрлі:** егер өткен материалдардың барлығын әлі қайталамаған болсаңыз қайталап шығыңыз. «Дұғалық әңгімеге жетекшілік» бөлімін зерттеңіз (46-47 беттер). Пікірталасқа дайын болыңыз. «Материалды зерттеу күнделігі», бойынша жұмысты аяқтаңыз.

7 сабақ

САБАҚ КЕСТЕСІ:

1. 2-Задамнан топқа бөлініп келесі «Мәсіхпен бірге бастау» тақырыбы бойынша берілген бес аятты қайталаңыз.
2. Достарыңызбен осы аптада Киелі Кітаптан оқып белгілегеніңіз жайында ойларыңызбен бөлісіңіз, әсіресе Киелі Кітап оқу күнделігінен
3. Сізді не терең ойландырған немесе ерекше рухани көтергенін айтып беріңіз (курстың бірінші бөлігі бойынша).
4. «Әңгімелесу дұғасына» арналған жетекшілік 48-49 беттегі бөлімді талқылаңыз.
5. Дәл осында дұғамен екі үш тақырыпқа дұға етіңіз.
6. 8 сабаққа тапсырма оқыңыз (49бет).

Әңгімелесу дұғаға арналған жетекшілік

«Мына бір маңызды шындықты да айтамын: жер бетінде екеуің келісіп, қай нәрсені болса да көктегі Әкемнен сұрасандар, Ол соны бермек. Өйткені екі үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларында боламын.» Матай 18:19-20

Құдай бізбен сөйлескісі келеді және біз де онымен әңгіме формасындағы дұға арқылы сөйлесе аламыз. Әңгімелесу дұғаға топ адамдар қатыса алады. Бұл — біздің жүрегімізде не бер екенін ашатын Құдайға жалбарыну. Дұғалық әңгімеде әрқайсы бірнеше реттен бірақ ұзақ емес дұға етеді. Сіздің дұғаңыз басқаларға қалай әсер етеді деп ойламаңыз. Жақсырақ жеткізейін деп уайымдамаңыз, ең маңыздысы — Құдаймен қарым қатынасыңыздың тікелей әрі шын жүректен болғаны.

Міне бірнеше кеңестер:

1. Не туралы дұға ету керек екенін айтып отыра бермей дұға етіңіз. Дұға етуге бөлінген уақыттың біршамасы тек өтініштерді айтып отыруға кетуі мүмкін. Кімнің өтініші бар болса дұға етуді.

2. Басталған тақырып бойынша дұға етіңіз. Осы ережені есте сақтаған дұрыс. Кімде кім ауру адам үшін дұға етуді сұраса, келесі адам аурудың жақындары туралы еске түсіріп осы тақырыпты жалғастырады. Ал үшіншісі жанұя асыраушысының ауырып жатқан кездегі материалды жағдайы үшін дұға ете алады. Тыныштық орнағанда тақырыпты ауыстыруға болады. Мысалға, тыныштық орнағанда дұға етіп отырғандардың бірі Құдаймен кездесу өткізу үшін әрдайым уақыт табылсын деп сұрайды. Сонда келесі адам таңертең оқитын аяттарды түсіну үшін Құдайдың көмегін сұрай алады. Ал үшінші Құдай мен жеке кездесу кезінде Киелі Кітаптан оқитын аяттар оқуға уақыт табылсын деп сұрайды. Бір тақырыптан екіншіге

секірмеуге тырысыңыз. Құдаймен әңгімелесу уақыты жан жаққа тарамай, бір бірінің уайымдарын бөлісетін ниеттес бауырлардың дұғасымен біріксін. Біреу дауыстап дұға еткен кезде басқалары оған жүректерінде қосылып отырады.

3. Қысқаша дұға етіңіз. Егер сіз белгілі бір сұрақтың бір жағы жайлы дұға етсеңіз қысқаша дұға ете аласыз. Сонда сіз басқа қатысушыларға мәселенің басқа жағы үшін дұға етуге жол бересіз. Барлығы қысқаша дұға еткенде әрқайсы дұғаға жиі қатыса алады. Бұл қатысушыларға бір бірінің дұғасына мұқият болып, ойша дәл қазір дауыстап дұға етіп жатқан адамға қосылуға мүмкіндік береді.

4. Еркін, қатаң реттіліксіз дұға етіңіз. «Шеңбер» бойынша дұға етпеңіздер, әркім өз қалаған тақырыбы бойынша дұға ете алсын. Мысалға дұға ететін алты тақырып бар. Бірақ сіз оның ішінде үшеуіне ерекше қызығушылық таныттыңыз. Онда жақыннан таныс емес, сізге қатты әсер етпейтін нәрселер жайында дұға етпеңіз. Әңгімелесу дұғада сіз шын жүректен дұға етуге ынтаңыз болғанда дұға етуге еріктісіз. Қысымсыз дұға ету деген ойланбай дұға ету дегенді білдірмейді. Қатысушылардың бірі дұға етіп жатқанша, басқалардың жүректерін ашып Киелі Рухқа дұға етуге деген ынтасын нақтылап не туралы екенін анықтауына уақыты бар.

Қорытындылау:

1. Талқыламаңыздар — дұға етіңіздер.
2. Бір тақырыптан екінші тақырыпқа секірмеңіз.
3. Қысқа әрі нұсқа болыңыз.
4. Қатып қалған реттіліксіз дұға етіңіз.

Әңгімелесу дұғасында қатысушылар істеп жүргендері жайлы ойланып, өздерін оны жақсырақ істеуге дайындайтын уақыттар қажет.

Бәрінен жақсысы назарынды Құдайға аударып, мадақ пен алғыс айтып бастап одан кейін өтініштерге ауысу ең жақсы жолы. Басында топ мүшелерінің бірі Құдайды оның салтанаты үшін, тағы бірі— күші үшін, ал үшіншісі адалдығы үшін мадақтайтын болады. Біреу жақында Мәсіхке сенім артқан жақындары үшін алғыс айтса, келесі біреуі Құтқарылуы үшін және Мәсіхте ие болған ағыл тегіл өмірі үшін алғыс айтады.

Одан кейін топ мүшелері жайында дұға етуге кірісуге болады. Осының арқарсында бір бірлеріңізге деген қарым қатынастарыңыз мықтырақ болып келе жатқанын байқайсыз. Оған қоса сіздің аптаның ішінде де достарыңыз үшін дұға етуге деген ынтаңыз болады. Ал, енді топ сыртында болып жатқан нәрселер үшін де дұға етуге болады. Мұндай өтініштер шексіз көп болуы мүмкін. Есіңізде болсын: көп өтініш үшін бірақ үстіртін дұға еткеннен гөрі, азырақ өтініш үшін бірақ мұқият дұға еткен жақсырақ. Осылайша дұға еткенде сіз өзіңіз үшін жаңа қуаныш ашасыз. Сіз әңгіме дұғасында уақыт сіз ойлағаннан да тезірек өтетінін, және өзіңіздің топта да, жеке де көбірек дұға ете бастағаныңызды байқайсыз.

8 САБАҚҚА ТАПСЫРМА:

1. Киелі Жазбаны жаттау: келесі жолға аят жаттау курсының барлық талаптарын аяқтауға тырысыңыз. «Мәсіхпен бірге бастау» бөліміндегі Материалды зерттеу

күнделігіндегі Барлық аяттарды білу деген жолда сынақ алуға дайын болыңыз.
(7 бет).

2. Құдаймен тыныш уақыт: Киелі Кітапты оқуды жалғастырыңыз.

Оқығаныңызды әрдайым белгілеп отырыңыз— және күн сайын ең маңызды ойды анықтап Киелі Кітап оқу күнделгіне жазып отырыңыз.

3. Материалды зерттеуге арналған жетекшілік: Киелі Кітапты зерттеу бойынша «Иса Мәсіхтің тапсырмасы» тақырыбындағы, 3тарауы, 1 бөліміндегі 1-11 сұрақтарға жауап беріңіз. (48-50 беттер).

3 Тарау

Иса Мәсіхтің тапсырмасы

1 Бөлім

Мәсіхтің күнәсіз пәк өмірінің негізгі оқиғалары жайында көптеген адамдар естіген: Ол қарапайым қарақшы ретінде айыпталды, айқыш ағашта шегеленді және жан тапсырды, бірақ үш күннен кейін өлімнен қайта тірілді. Дегенмен бұл оқиғалардың нағыз мәнін бәрі бірдей түсіне бермейді.

Бұл тарауда біз оның өмірінің, өлімінің және қайта тірілуінің кейбір мақсаттарын зерттейміз.

Иса Мәсіхтің өмірі

2000 жылдар бұрын Иса Мәсіх Бетлехем деген кішкентай қалашықта дүниеге келді. Кішкентай нәрестені Ұлы Ирод патшаның қаһарынан сақтау үшін Мәриам мен Жүсіп Оны көтеріп Мысырға қашады. Одан кейін ол әлі бала кезінде олар Ғалилеяның Назарет өлкесіне көшеді.

1. Періште Жүсіпке Исаның қаншасыншы келуі туралы айтты? Матай 1:21

2. Бізге Исаның жасөспірім шағы жайлы не мәлім?

Лұқа 2:52 _____

3. Иса Мәсіхтің қызметіне не кіретін еді?

Матай 4:23 _____

4. Ол он екі шәкіртті қандай мақсатпен таңдап алды?

Марқа 3:14 _____

5. Исаның Құдайлық билігі немен ерекшелетін ? Лұқа 22:25-27 _____

Сіз Исадан қандай үлгі алар едіңіз ? _____

Бұл сабақ Исаның өміріндегі оқиғаларды тек қысқаша баяндайды. Елші Жохан былай деген: «Исаның істегеп кеткен көптеген басқа да істері бар. Олар туралы толықтай жазса, жазылуға тиісті кітаптар, менің ойымша, бұл дүниеге сыймас еді.» (Жохан 21:25). Мәсіхтің өмірінің ең танымал оқиғалары 66 беттегі кестеде көрсетілген.

Иса Мәсіхтің Өлімі

6. Иса өзінің өмірінен қандай оқиғаларды алдын ала болжады? Матай 16:21 _____

7. Иса Қандай өліммен өлді? Матай 27:35 _____

Ол қандай адамдардың арасында өлді? Матай 27:38 _____

8. Айқыштағы өлімді өз еркімен қабылдады ма? Түсіндіріп беріңіз. Жохан 10:17-18__

9. Мәсіхті қабылдамаған адамның жағдайы қандай? Жохан 3:18 _____

10. Мәңгілік қарғысқа бұйырылған адамдарды Құдайға алып келу үшін Иса не істеді?
1Петір3:18

МӘСІХТІҢ ӨМІРІНЕ ШОЛУ

2		12		30 33
Туылу			Ағаш шебері	Халыққа қызметі
	Бала кезі	Ғибадатханаға бару Ұстаздармен сөйлесу		
	Бетлехемде туылу Мысырға қашу Ғалилеяға көшу			

Үш жылдық халыққа қызметі

